Қылмыстық процестік заңы — Республика Парламенті қабылдаған құқықтық акті. Ол қылмыстық істерді тексеріп, тергеу тәртібін айқындап, халықтың талап-тілегін білдіріп, мүддесін қорғайды. Қылмыстық іс жүргізу құқығының нормалары қылмыстық іс жүргізу заңдарынан орын алады. Қылмыстық процестік заңдары бүкіл халқымыздың еркі мен мүддесін көздеп, қандай да болсын қылмыстармен күрес жүргізуге, оларды туғызып отырған себептерді жоюға бағытталған. Қылмыстық процестік құқығының ережелері заңда көрсетілген.

Сонымен қатар Президент заң күші бар жарлық шығаруға құқылы. Қазақстан Республикасы Конституциясының 61-бабының 2-бөлігіне сәйкес Республика Президенті заңдар жобаларын қараудың басымдылығын белгілеуге құқығы бар. Мұндай жағдайда Парламент заң жобасын бір ай ішінде (енгізілген күннен бастап) қарауға тиісті. Егер Парламент Президент ұсынған заң жобасын бір ай ішінде қарамаса, Республика Президенті заң күші бар Жарлық шығаруға құқылы. Бұл Жарлық жаңа заң қабылданғанға дейін қолданылады.

Бұл нормалар қылмыстық істі тергеу тәртібін анықтайды, ол істің сотта қаралу жайын белгілейді. Өйтседе бұл тәртіп — іс жүргізу тәртібі, тергеу сот органдарының қызмет мазмұнымен тығыз байланысты. Бұл тәртіп тергеу және сот органдарының жемісті қызмет етуін қамтамасыз етеді.

Қылмыстық процестік заңы — басқа да заңдар сияқты, қиянатсыз да мінсіз орындалатын заң. Тек оны қатаң сақтап, алға қойған алғыс алар мақсатқа жету керек. Қылмыстық істі тергеуге азаматтар қатысады. Олардың белгілі дәрежеде өз құқықтары бар.

Қылмыстық процестік құқықының қайнар-көздері (заңдық күшінің азаюына байланысты):

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы.
2. Конституциялық заңдар.
3. Халықаралық құқықтың жалпы жұрт таныған қағидаттары мен нормалары.
4. Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары және өзге де халықаралық құқық жөніндегі міндеттері.
5. Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексі.
6. Қылмыстық сот ісін жүргізуді реттейтін өзге де заңдар.
7. Қылмыстық процестік мәселелері жөніндегі Қазақстан Республикасының Конституциялық кеңесінің нормативтік қаулысы

8. Қылмыстық сот ісін жүргізу заңнамасын қолдану туралы Қазақстан Республикасы Жоғарғы сотының нормативті қаулысы.

9. Қазақстан Республикасы Қылмыстық процестік кодексі нормаларын қолдану туралы Қазақстан Республикасы Бас прокурорының құқықтық нормативтік актілері.

10. Қылмыстық сот ісін жүргізу заңнамасын қолдану мәселелері бойынша Қазақстан Республикасы Үкімтінің нормативтік құқықтық актілері.

11. Қылмыстық процестік заңын атқару туралы алдын ала тергеу органдарының құқықтық актілері.

Қылмыстық процестік кепілдер — сот төрелігінің әділдігін, қылмыстың процестік міндеттерін орындау шарттарын жасауды қамтамасыз ететін, қылмыстық процестік заңында көрсетілген құралдар. Осындай кең мағынада, барлық процестік тәртіп, негізгі бастамалардан бастап — яғни процестің принциптерінен бастап, жекеленген тергеу және сот әрекеттерін жүргізуді егжей-тегжейіне дейін реттелуі, не дейін, әрбір қылмыстық іс бойынша заңды және дәлелді шешім қабылдауының кепілі.

Процестік кепілдердің маңызда бөлігі, қылмыстық процестегі адамдардың заңды мүдделері мен құқықтарын қамтамасыз ететін процестік құралдар мен тәсілдерден тұрады. Осындай тар, бір жақты мағынада айыпталушының процестік кепілдері, жәбірленушінің процестік кепілдері және т.б. деп атайды. Адамдардың ең маңызды процестік кепілдері мемлекеттердің бірлесіп қабылдаған халықаралық құқықтың актілерге негізделген, мысалы адам құқықтарының жалпыға бірдей Декларацияға.

**Негігі әдебиеттер:**1,2, 3,20-28,31,87,187.

**Қосымша әдебиеттер:** 47,55,72,99,109,112,113,118,143,148,149,172, 173,177,178,230,231,240,243.

### **№1-семинар**

**1 сағат**

#### **Сұрақтары:**

1. Қылмыстық сот ісін жүргізудің тарихи түрлері мен нысандары. Қылмыстық процестің сатылары мен олардың жүйесі.
2. Қылмыстық процестің нысандарының дифференциациясы мен бірлігі.
3. Қылмыстық процестің нормалары: олардың түрлері мен құрылымы.

**Тапсырма:** Жоғарыда көрсетілген семинар сабағы сұрақтарының жауаптарына жазбаша және ауызша нысанда дайындалу керек. Осы тақырып бойынша қажетті нормативтік-құқықтық актілерді конспектілеу керек.

**Негігі әдебиеттер:**1,2, 3,20-28,31,87,187.

**Қосымша әдебиеттер:** 47,55,72,99,109,112,113,118,143,148,149,172, 173,177,178,230,231,240,243.

### **КОӨЖ (аудиторядан тыс)**

**1 сағат**

**Тапсырма:** Дәріс және семинарлық сабақтарды зерделеудің негізінде қазақстандық қылмыстық процестік құқықтың маңыздылығы жөнінде өз көзқарасын қалыптастыру. Қазақстан Республикасының қылмыстық процестік құқығының түсінігі, міндетті және маңыздылығы бойынша олардың теориялық білімдерін тереңдету, тәжірибелік біліктерін жетілдіру.

Қылмыстық процестік нысанның бірлігі мен дифференциациясының теориялық мәселелерін талқылау. Осы жөнінде өз көзқарасын қалыптастыру және қылмыстық процестің теориясындағы осы жөніндегі мәселеге қатысты заңгер ғалымдардың көзқарастарын тұжырымдап беру.

Сабақ барысында курсанттар келесі сұрақтарға көңіл бөлу керек:

1. Қылмыстық процестік құқықтық арақатынастар және қызметтер.
2. Процестік кепілдер: олардың түрлері мен маңызы.

**Негізгі әдебиеттер:** 1,2, 3,20-28,31,87,187.

**Қосымша әдебиеттер:** 47,55,72,99,109,112,113,118,143,148,149,172, 173,177,178,230,231,240,243.

**КӨЖ**

**3 сағат**

Өзіндік жұмыста курсант:

1. Сабақтың тақырыбы бойынша берілген барлық негізгі әдебиеттердің тізімімен оқып, танысулары керек.
2. Қосымша әдебиеттермен танысулары керек.
3. Дәрістің конспектілерін дайындаулары керек және төменде келтірілген сұрақтарға қысқаша жауабы бар конспек жазып келулері керек.

Өзіндік дайындыққа берілетін сұрақтар:

1. Қандай қылмыстық сот ісін жүргізудің тарихи түрлері мен нысандарын білесіз?
2. «Қылмыстық процестің» түсінігінің негізгі элементтерін қандай?
3. Қылмыстық процестің мақсаттары мен міндеттеріне не жатады?
4. «Қылмысты ашу» дегеніміз не?
5. Қандай белгілер қылмыстық процестің сатысын сипаттайды?
6. Қандай кезден бастап қылмыстық процестік құқықтық арақатынас пайда болады?
7. Қылмыстық процестік құқықтық арақатынастың ерекшелігін айтып беріңіз?
8. Қылмыстық процестік кепілдің мәні неде, оларды қандай топтарға топтастыруға болады?
9. Қылмыстық сот ісін жүргізудің адамгершілік бастамаларының мағнасы неде?
10. Қылмыстық процестің оқу пәні ретіндегі жүйесі мен құрылымы қандай?

11. Қылмыстық процестік заң уақытта, кеңістікте және шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға қатысты қалай қолданылады?
12. Қылмыстық процестік заңның кері күші бар ма?
13. Балама (по аналогии) ретінде қылмыстық процестік заңды қолдануға болады ма?
14. Қазақстан Республикасының қылмыстық процестік заңнамасының әрекет ету жүйесі қандай?
15. Қазақстан Республикасының аумағында шет мемлекеттің қылмыстық процестік құқығы қалай қолданылады?
16. Қылмыстық процестің ұғымының негізгі элементтері қандай?
17. Процестік қарым-қатынастар қай уақыттан басталады?
18. Сот әділдігінің және адамның құқығының кепілдіктері.
19. Қылмыстық процестік заңының кеңістікте, уақытында және азаматтардың түрлері бойынша қолданылуы.

### **Өзіндік бақылау үшін материал:**

#### **Конспектілеу:**

Қазақстан Республикасының Президенті-Ұлт көшбасшысы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы «Қазақстан – 2050» Стратегиясы»: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси курсы».

**Негізгі әдебиеттер:** 1, 2, 3, 20-28, 31, 87, 187.

**Қосымша әдебиеттер:** 47, 55, 72, 99, 109, 112, 113, 118, 143, 148, 149, 172, 173, 177, 178, 230, 231, 240, 243.

### **№2 – тақырыбы. Қылмыстық процестік қағидаттары**

**Дәріс**

**1 сағат**

#### **Дәріс сұрақтары:**

1. Қылмыстық процестің қағидаттардың түсінігі мен маңызы.
2. Қағидаттардың жүйесі және олардың топтастырылуы.

**Дәріс тезисі**

Қылмыстық процестік қағидаттары — мемлекеттік және қоғамдық құрылыстан туындаған және қолданыстағы (қолданылып жүрген) заңмен бекітілген ережелер.

Қылмыстық істерді сотқа дейінгі тергеп-тексеру, қарау және шешу мәселелерін айқындайтын және қылмыстық сот ісін жүргізушінің алдына қойған мақсаттар мен міндеттерге жетуге бағыттайтын бастапқы (негізгі) құқықтық ережелер.

Қылмыстық процестік қағидаттары дегеніміз — қылмыстық процестік сипатын, оның барлық институттарының мазмұнын анықтайтын және іс жүргізу тәртібі туралы көзқарасты білдіретін, іс бойынша әділ сот төрелігін қамтамасыз ететін, азаматтарды, олардың құқықтары мен бостандықтарын, қоғам мүддесін қылмыстық қол сұғудан тиімді қорғайтын жетекші, негізгі

құқық нормалары, яғни қылмыстық процестік қағидаттары — Қазақстан Республикасы Конституциясы мен Қылмыстық процестік заңдарында бекітілген (көрсетілген) міндетті қағидаттар, түпкі бастаулар, жалпы жағдайлар, негізгі тезистер. Олар қылмыстық процестік мархабаттығын (гуманизімін) білдіреді, оның алдында тұрған мақсаттарының ойдағыдай шешілуін қамтамасыз етеді.

Қылмыстық процестік қағидаттарың суреттей келе бұлардың ерекшелігін айта кетейік.

Бірінші ерекшелігі — қағидат деп аталатын негізгі тезистер міндетті түрде заңда бекітілуі тиіс: Егер ол заңда бекітілмесе, заңнан орын таппаса, оны қағидат деп айта алмаймыз. Қылмыстық процестік құқығын зерттеген ғалымдардың еңбектеріндегі идеялар заңда бекітілмесе, сол ғалымдардың пікірі, ойы болып қала береді.

Екінші ерекшелігі — айтылған қағидаттардың барлығы алған орнына, яғни жүйеде тұрған ретінде, айтылған, жазылған ретіне қарамастан, бірдей маңызда болады. Сотқа дейінгі тергеп-тексеру органдары мен сотта мына қағидатт бірінші айтылды, сондықтан оның маңызы зор, ал мына қағидатт одан кейін тұр, сондықтан оның маңызы төмен деп бөлуге болмайды. Жүйедегі орналасқан орнына қарамастан барлық қағидаттар міндетті түрде орындалуы тиіс.

Үшінші ерекшелігі — қылмыстық процестік қағидаттары жай ғана тезис, міндетті ережелер емес, олар жетекші ережелер, жетекші, негізгі тезистер, жетекші идеялар. Сондықтан қылмыстық істі тексергенде, оны сотта қарағанда қағидаттардың міндетті түрде, орындалуына назар аудару қажет.

Бекітілген заңдардың мағынасына, маңызына қарай қағидаттар мынадай топтарға бөлінеді.

Конституциялық қағидаттар:

1. Өзіне заңмен көзделген соттылығын оның келісімінсіз ешкімнің өзгертуіне болмайды (ҚР Конституциясы 77-бабы 3-бөлігінің 3-тармағы).

2. Сотта әркім өз сөзін тындатуға құқылы (77-бабы 3-бөлігінің 4-тармағы).

3. Жауапкершілікті белгілейтін немесе күшейтетін, азаматтарға жаңа міндеттемелер жүктейтін немесе олардың жағдайын нашарлататын заңдардың кері күші болмайды. Егер құқық бұзушылық жасалғаннан кейін ол үшін жауапкершілік заңмен алынып тасталса, немесе жеңілдетілсе, жаңа заң қолданылады (77-бабы 3-бөлігінің 5-тармағы).

4. Күдікті өзінің кінәсіздігін дәлелдеуге міндетті емес (77-бабы 3-бөлігінің 6-тармағы).

5. Адамның кінәлі екендігі жөніндегі кез келген күдік айыпталушының пайдасына қарастырылады (77-бабы 3-бөлігінің 8-тармағы).

6. Заңсыз жолмен алынған айғақтардың заңды күші болмайды. Ешкім өзінің жеке мойындауы негізінде ғана сотталуға тиіс емес (77-бабы 3-бөлігінің 9-тармағы).

7. Қылмыстық заңды ұқсастығына қарай қолдануға жол берілмейді (77-бабы 3-бөлігінің 10-тармағы).

8. Адамның кінәлі екендігі заңды күшіне енген сот үкімімен танылғанша ол жасалған қылмысқа кінәлі емес деп есептеледі (77-бабы 3-бөлігінің 1-тармағы).

9. Бір құқық бұзушылық үшін ешкімді де қайтадан қылмыстық немесе әкімшілік жауапқа тартуға болмайды (77-бабы 3-бөлігінің 2-тармағы).

10. Ешкім өзіне-өзі, жұбайына (зайыбына) және заңмен белгіленген шектегі жақын туыстарына қарсы айғақ беруге міндетті емес. Діни қызметкерлер өздеріне сеніп сырын ашқандарға қарсы куәгер болуға міндетті емес (77-бабы 3-бөлігінің 7-тармағы).

Конституциясымен белгіленген сот төрелігінің қағидаттары Республиканың барлық соттары мен судьяларына ортақ және бірыңғай болып табылады.

ҚР ҚПК-де көрсетілген қағидаттар:

1. Заңдылық (10-бап).
2. Сот төрелігін соттың ғана жүзеге асыруы (11-бап).
3. Адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын сот арқылы қорғау (12-бап).
4. Жеке бастың абыройы мен қадір-қасиетін құрметтеу (13-бап).
5. Жеке басқа қолсұғылмаушылық (14-бап).
6. Қылмыстық істер бойынша іс жүргізу кезінде азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау (15-бап).
7. Жеке өмірге қолсұғылмаушылық. Жазысқан хаттардың, телефон арқылы сөйлескен сөздердің, пошта, телеграф арқылы және өзге де хабарлардың құпиясы (16-бап).
8. Тұрғынжайға қолсұғылмаушылық (17-бап).
9. Меншікке қолсұғылмаушылық (18-бап).
10. Кінәсіздік презумпциясы (19-бап).
11. Қайтадан соттауға және қылмыстық қудалауға жол бермеушілік (20-бап).
12. Сот төрелігін заң мен сот алдындағы теңдік бастауларында жүзеге асыру (21-бап).
13. Судьялардың тәуелсіздігі (22-бап).
14. Сот ісін жүргізуді тараптардың жарыспалылығы мен тең құқылығы негізінде жүзеге асыру (23-бап).
15. Істің мән-жайларын жан-жақты, толық және объективті зерттеу (24-бап).
16. Дәлелдемелерді ішкі сенім бойынша бағалау (25-бап).
17. Күдіктінің, айыпталушының қорғалу құқығын қамтамасыз ету (26-бап).
18. Білікті заң көмегіне құқықты қамтамасыз ету (27-бап).
19. Куәлік айғақтар беру міндетінен босату (28-бап).
20. Жариялылық (28-бап).
21. Қылмыстық сот ісін жүргізу тілі (29-бап).

22. Процестік әрекеттер мен шешімдерге шағым жасау бостандығы(30-бап).

**Негізгі әдебиеттер:**1, 2, 15,20-28,172,173.

**Қосымшаәдебиеттер:**40,41,100,118,124,148,161,167,170,171,177,178,184,185,187,189,214,230,.

### **№1-семинар**

**1 сағат**

#### **Сұрақтары:**

1. Заңдылық. Сот төрелігін соттың ғана жүзеге асыруы. Адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын сот арқылы қорғау.
2. Жеке бастың абыройы мен қадір-қасиетін құрметтеу. Жеке басқа қолсұғылмаушылық. Қылмыстық істер бойынша іс жүргізу кезінде азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау.
3. Жеке өмірге қолсұғылмаушылық. Жазысқан хаттардың, телефон арқылы сөйлескен сөздердің, пошта, телеграф арқылы және өзге де хабарлардың құпиясы.

**Тапсырма:** Жоғарыда көрсетілген семинар сабағы сұрақтарының жауаптарына жазбаша және ауызша нысанда дайындалу керек. Осы тақырып бойынша қажетті Қазақстан Республикасының Конституциясының, ҚПК-нің және басқа да нормативтік-құқықтық актілердің, «Қазақстан Республикасының қылмыстық процестік құқығы» курсы бойынша оқу құралдарының, монографиялардың сәйкестендірілген бөлімдеріне конспект жазу керек. Сонымен қатар дәріс және семинарлық сабақтардың конспектілерін жазып келу керек.

**Негізгі әдебиеттер:**1, 2, 15,20-28,172,173.

**Қосымшаәдебиеттер:**40,41,100,118,124,148,161,167,170,171,177,178,184,185,187,189,214,230,.

### **№2-семинар**

**1 сағат**

#### **Сұрақтары:**

1. Судьялардың тәуелсіздік қағидаты. Сот ісін жүргізуді тараптардың жарыспалылығы мен тең құқылығы негізінде жүзеге асыру.
2. Істің мән-жайларын жан-жақты, толық және объективті зерттеу.
3. Дәлелдемелерді ішкі сенім бойынша бағалау.
4. Күдіктінің, айыпталушының қорғалу құқығын қамтамасыз ету. Білікті заң көмегіне құқықты қамтамасыз ету.

**Тапсырма:** Жоғарыда көрсетілген семинар сабағы сұрақтарының жауаптарына жазбаша және ауызша нысанда дайындалу керек. Осы тақырып бойынша қажетті Қазақстан Республикасының Конституциясының, ҚПК-нің және басқа да нормативтік-құқықтық актілердің, «Қазақстан Республикасының қылмыстық процестік құқығы» курсы бойынша оқу құралдарының, монографиялардың сәйкестендірілген бөлімдеріне конспект

жазу керек. Сонымен қатар дәріс және семинарлық сабақтардың конспектілерін жазып келу керек.

**Негізгі әдебиеттер:** 1, 2, 15, 20-28, 172, 173.

**Қосымша әдебиеттер:** 40, 41, 100, 118, 124, 148, 161, 167, 170, 171, 177, 178, 184, 185, 187, 189, 214, 230, .

## **Тәжірибелік сабақтар**

### **№ 1 - Тәжірибелік**

**1 сағат**

**Тапсырма:** Дәрістік және семинарлық сабақтардың сұрақтарын оқығанның негізінде қылмыстық процестің қағидаттарының маңыздылығына, маңыздылығына және түсінігіне және олардың қылмыстық процестік құқығында топтастырылуына қатысты сұрақтарды талқылау керек. Қылмыстық процестің қағидатының құқықтық табиғатын бұрындары зерттеген ғалым процессуалистердің еңбектерің оқу керек. Қылмыстық процесс (жалпы бөлім) пәні бойынша есептер жинағынан қылмыстық процестік қағидаттары тақырыбы бойынша есептерді шығару.

#### **№ 1 есеп**

Қылмыстық іс бойынша тергеуші И.С. Иванов, қорғаушы Е.Б. Петровқа куәлар жайында мәліметтерді беруден бас тартты. Содан қорғаушы Е.Б. Петров прокурор Р.Л. Медведевке шағымданды. Өз шағымында ол тергеу жағынан болдырмайтын іс әрекеттер жүргізілуін көрсеткен.

Прокурор Р.Л. Медведев қылмыстық іс материалдарын сұратып алып танысуға кірісті. Қорғаушы Е.Б. Петровтың шағымында көрсетілген тергеу қызметкерлерінің әрекетсіздігі орын алмады деп прокурор жауап берді.

Е.Б. Петров прокурор Р.Л. Медведевпен таныс бола тұра, сол ара қатынастарын пайдалана отырып, Медведевке сыйақы ұсынып істі күдікті Ф.Е. Седыхқа қатысты тоқтатуды сұрады және істі тергеуші Н.Н. Давыдоваға тапсыруды өтінді. Егер Медведев қорғаушы Петровқа өзінің ұсынымында бас тартқан жағдайда, Петров Медведевтің жұбайына оның уақыттан тыс дем алу кезінде қасиетсіз әрекеттерін айтамын деп айтты.

*Жағдайды бағалаңыз.*

*Бұл жағдайда қандай процестік қағида бұзылған?*

*Бұл жерде прокурор құқыққа қайшы іс әрекеттер жасадыма?.*

*Егер болса онда қандай нысанда ол болды?*

*Қылмыстық істі жүргізушы органдарға қатысты құқықты бұзу формаларын атаңыз.*

#### **№ 2 есеп**

Жәбірленуші Хасеновтен жауап алу барысында, оған Николаевпен дене жарақатын келтіру барысында сол жерде Николаевтың жұбайы болған. Куә ретінде жауап алуға шақырылған Николаева, жауап беруден бас тартты.



Өйткені ол күдікті Николаевқа кері әсерін тигізбеу нәтижесінде және жақын туысы болып келеді.

*Жағдайды бағалаңыз.*

*Николаеваның жауап беруден бас тартуы, Николаевтың іске қатыстылығының кінәсі болып дәлелдеме ретінде саналады ма?*

*Николаеваны жауап беруден бас тартқаны үшін жауапкершілікке тартуға болады ма?*

*Бұл жағдайда қылмыстық процестік институтының қай регламентінің құқықтық қатынасы қарастырылған.*

### **№ 3 есеп**

Күдікті Н.Н. Ахметовтың қылмыстық іске толықтай дәлелдемесі жеткілікті болып, оны ұстап алуға және одан күдікті ретінде жауап алуға негіздер болған. Жауап алу барысында Н.Н. Ахметов орыс тілін жеткіліксіз білгендіктен, Н.Н. Ахметовтен жауапты таджик тілінде беруін өтінді. Тергеуші күдіктінің өтінішін қанағаттандырудан бас тартты. Өйткені ол ҚПК 30 б ескере отырып Қазақстан Республикасының қылмыстық процесс қазақ тілінде және орыс тілінде ғана жүргізіледі.

*Жағдайы бағалаңыз.*

*Тергеушінің әрекетіне құқықтық баға беріңіз.*

### **№ 4 есеп**

Адамды өлтіру дерегі бойынша ұстап алынған күдікті Д.Г. Железнов, жауап беру кезінде ол қылмыстық құқықбұзушылық уақытында ол өзінің үйінде болған. Бұл деректі оның әйелі растай алады. Тергеу барысында тергеуші Н.Т. Железноваға оның куәлік иммунитеті бар екен құқықтарын түсіндірді. Куә Железнова иммунитеттен бас тартып жауап беремін өзінің келісімін берді.

Жалған жауап бергені үшін тергеуші оны жауапкершілікке тартылатындығын түсіндірді. Жауап беру барысында куә өзінің жұбайы Железновтың жауабын растады. Бірақ куәдан жауап алу барысында көп нақты емес және шатасып мәліметтер берді. Одан кейін куә Железнова өзінің тұнғыш берген жауабынан бас тартып, өзінің қолымен растады.

*Жағдайды бағалаңыз.*

*Қандай адамдар куәлік иммунитетпен қолданылады?*

*Куәлік иммунитеттен бас тартқан жағдайда қандай салдарға ие болады?*

*Железнованың жауабы дәлелдемелік маңызы бар ма?*

*Мүдделі адамдардың жауабына баға беріңіз.*

Жағдаяттық есептерді шешу барысында курсанттарға конституциямен, қылмыстық-процестік кодексімен және басқа да нормативтік-құқықтық актілермен қолдануға болады.

Жағдаяттық есептерді шешу барысында курсанттарға оқытушымен дайындалған тақырып бойынша тестік тапсырмаларды орындау қажет.

Сонымен қатар тестік тапсырманың варианты екеуден кем емес, әр варианта 10 сұрақтан болу қажет.

**Негізгі әдебиеттер:**1, 2, 15,20-28,172,173.

**Қосымшаәдебиеттер:**40,41,100,118,124,148,161,167,170,171,177,178,184,185,187,189,214,230,.

### **КОӨЖ (аудиторлық)**

**1 сағат**

**Тапсырма:** Дәрістік және семинарлық сабақтардың сұрақтарын оқығанның негізінде қылмыстық процестің қағидаттарының маңыздылығына, маңыздылығына және түсінігіне және олардың қылмыстық процестік құқығында топтастырылуына қатысты сұрақтарды талқылау керек. Қылмыстық процестің қағидатының құқықтық табиғатын бұрындары зерттеген ғалым процессуалистердің еңбектерің оқу керек.

Сабақ барысында курсанттарға келесі сұрақтарды оқуға көңіл бөлулері керек:

1. Тұрғынжайға қолсұғылмаушылық қағидаты. Меншікке қолсұғылмаушылық.
2. Кінәсіздік презумпциясы қағидаты.
- 3.Қайтадан соттауға және қылмыстық қудалауға жол бермеушілік. Сот төрелігін заң мен сот алдындағы теңдік бастауларында жүзеге асыру.
4. Жариялық қағидаты.

**Негізгі әдебиеттер:**1, 2, 15,20-28,172,173.

**Қосымшаәдебиеттер:**40,41,100,118,124,148,161,167,170,171,177,178,184,185,187,189,214,230,.

### **КОӨЖ (аудиториядан тыс)**

**1 сағат**

**Тапсырма:** Дәрістік және семинарлық сабақтардың сұрақтарын оқығанның негізінде қылмыстық процестің қағидаттарының маңыздылығына, маңыздылығына және түсінігіне және олардың қылмыстық процестік құқығында топтастырылуына қатысты сұрақтарды талқылау керек. Қылмыстық процестің қағидатының құқықтық табиғатын бұрындары зерттеген ғалым процессуалистердің еңбектерің оқу керек.

Сабақ барысында курсанттарға келесі сұрақтарды оқуға көңіл бөлулері керек:

1. Білікті заң көмегіне құқықты қамтамасыз ету.
2. Куәлік айғақтар беру міндетінен босату.
3. Жариялылық. Қылмыстық сот ісін жүргізу тілі. Куәлік айғақтар беру міндетінен босату.
4. Күдіктінің, айыпталушының қорғалу құқығын қамтамасыз ету. Процестік әрекеттер мен шешімдерге шағым жасау бостандығы.

**Негізгі әдебиеттер:**1, 2, 15,20-28,172,173.

**Қосымша әдебиеттер:**40,41,100,118,124,148,161,167,170,171,177,178,184,185,187,189,214,230,.

**КӨЖ**

**6 сағат**

Өзіндік жұмыста курсант:

1. Сабақтың тақырыбы бойынша берілген барлық негізгі әдебиеттердің тізімімен оқып, танысулары керек.
2. Қосымша әдебиеттермен танысулары керек.
3. Дәрістің конспектілерін дайындаулары керек және төменде келтірілген сұрақтарға қысқаша жауабы бар конспек жазып келулері керек.

Өзіндік дайындыққа берілетін сұрақтар:

1. Қылмыстық процестік заңда қағидаттың түсінігіне анықтама берілген бе?
2. Қылмыстық процестің қағидаттың маңыздылығы неде?
3. Қылмыстық іс жүргізудің қағидаттары жалпы шарттардан, міндеттерден және басқа да жалпы құқықтық ережелерден айырмашылығы неде?
4. Қазақстан Республикасының ҚПК-де кінәсіздік презумпциясы мен тараптардың жарыспалылығы қағидаттарына неге көп көңіл аударылады?
5. Күдіктінің, айыпталушының қорғану құқығын қамтамасыз ету қағидаты мен жәбірленушінің қорғану құқығын қамтамасыз ету қағидаттарының қарым-қатынасы неде?
6. Заңда көрсетілген істің мән жайын жан-жақты, толық және объективті зерттеу талабын қалай түсінесіздер?
7. Судьялардың процестік тәуелсіздігінің түрлерін атап шығыңыз?
8. Неге күдіктіден, айыпталушыдан куә ретінде жауап алуға болмайды?
9. Қай кездерде заң көмегі тегін көрсетіледі?
10. Сот органы қудалау органы болып табылады ма?
11. Күдікті өзінің кінәсіздігін дәлелдеу керек пе?
12. Қандай кездерде заң сот талқылауының жариялылығын шектейді?
13. Қандай кездерде құқықбұзушылықты жасаған адам кінәлі деп табылады?
14. Істің мән-жайларын жан-жақты, толық және объективті зерттеудің түсінігі неде?
15. Қылмыстық процеске жеке өмірге, тұрғынжайға, мүлікке қолсұғылмаушылықтың қағидаттарының қандай маңыздылығы бар?
16. Судьялардың процестік тәуелсіздігі немен кепілдендіріледі?
17. Сот кімге бағынады?
18. Барлығының заң мен сот алдындағы теңдігі неден білінеді?
19. Қылмыстық процесті шет тілінде жүзеге асыруға болады ма?

20. Не себепті күдіктіден, айыпталушыдан куә ретінде жауап алынбайды?

**Өзіндік дайындық кезінде курсанттар келесі нормативтік-құқықтық актілерді конспектілеулері керек:**

1. «Қазақстан Республикасының судьяларының мәртебесі және сот жүйесі туралы» 2000 жылғы 25 желтоқсандағы ҚР Конституциялық заңы №132-II (22.12.2017ж. өзг. мен толық. енгізілген).

2. «Қазақстан Республикасында сот билігі туралы заңды қолданудың кейбір мәселелері туралы» 1998 жылғы 14 мамырдағы ҚР Жоғарғы Сотының нормативтік № 1 қаулысы (31.05.2017ж. өзг. мен толық. енгізілген).

3. «Сот тәжірибесінде азаматтардың және заңды тұлғалардың арнамысы мен абыройын және іскерлік беделділігін қорғау жөніндегі заңдылықты қолдану туралы» 1992 жылғы 18 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік N 6 қаулысы(31.03.2017ж. өзг. мен толық. енгізілген).

4. «Қылмыстық істер бойынша сот ісін жүргізу кезінде жариялылық қағидасын соттармен сақтауы туралы» 2002 жылдағы 6 желтоқсандағы ҚР Жоғарғы Сотының № 25 нормативтік қаулысы (31.03.2017 ж. өзг. мен толық. енгізілген).

2. «Қорғану құқығын реттейтін қылмыстық іс жүргізу заңы қолданудың тәжірибесі туралы» 2002 жылғы 6 желтоқсандағы ҚР Жоғарғы Сотының № 26 нормативтік қаулысы (31.03.2017 ж. өзг. мен толық. енгізілген).

**Негізгі әдебиеттер:**1, 2, 15,20-28,172,173.

**Қосымшаәдебиеттер:**40,41,100,118,124,148,161,167,170,171,177,178,184,185,187,189,214,230,.

**№ 3-тақырып. Қылмыстық процесте қатысушылар**

**Дәріс**

**1 сағат**

**Дәріс сұрақтары:**

1. Қылмыстық процесте қатысушылардың түсінігі және олардың топтастырылуы.

2. Қылмыстық істі жүргізуші мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдар.

**Дәріс тезисы**

Қылмыс жасалғаннан кейін бірнеше құқықтық қатынастар туады. Олардың ішінде ең маңыздысы — өкімет органдары мен қылмыс жасаған азаматтардың арасындағы құқықтық қарым-қатынас. Бұл қатынасты қылмыстық процестік қатынас деп атайды.

Жалпы мемлекет және құқық теориясына сәйкес қылмыстық құқықтық қарым-қатынас мемлекет пен қылмыс жасаған адамның арасында туатыны

белгілі, ал процестік қарым-қатынас қылмыстық іс жүргізетін орган мен қылмыскердің арасында туады, қылмыстық заң қылмыс жасаған азаматтардың жауапкершілігінің негізі мен шегін анықтайды, ал қылмыстық іс жүргізу заңы айыпкерді жауапқа тарту негізі мен тәртібін анықтайды.

Қылмыстық процестік қатысушылар деп қылмыстық істі тергеуге және қарауға белсенді қатысатын, процестік құқықтармен кеңінен қамтамасыз етілген, өзінің немесе өзіне өкілдік ретінде берілген құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау үшін, сондай ақ көмекші қызмет атқаратын адамдар мен органдарды айтамыз.

Қылмыстық процестік қатысушылар тобына жататын адамдарды анықтаудағы ғылыми көзқарастар:

1. Жеке мүддесінің бар-жоқтығына қарамай іс жүргізуге қатысы бар әрбір адам іске қатысушы деп аталады (В.П. Божьев).

2. Қылмыстық іске қатысушылар деп тек қана өкілді немесе мүдде қорғайтын адамды айтамыз.

3. Іске қатысушыларға түрлі құқықтар мен міндеттемелер берілген, сол себептен оларды іс жүргізуге қатысушылар деген бір ұғымға бірлестіруге болмайды (С. А. Альперт).

Қылмыстық процестік қатысушылар тобын бір мағыналы түсіну маңызы мынада:

1. Заңдарды бір ізге келтіру үшін (заңдарды үйлестіру) (унификация закона).

2. Қарым-қатынасты жан-жақты (әмбебапты) реттейтін заң қабылдау үшін (универсализация закона).

3. Заң бұзушылықтың алдын алу үшін.

4. Құқықтық нормаларды талқылауды, түсінуді, қолдануды біркелкі түсіну үшін.

Сот билігі органы бола отырып, сот қылмыстық істер бойынша сот төрелігін жүзеге асырады.

Кез келген қылмыстық істі соттың заңды, тәуелсіз, құзыретті және бейтарап құрамы ғана қарай алады, бұл осы Кодексте белгіленген:

1) нақты істердің соттылығын айқындау;

2) нақты қылмыстық істерді қарау үшін соттың құрамын жасақтау;

3) судьяларға қарсылық білдіру;

4) істі шешу функциясын айыптау және қорғау функцияларынан бөлектеу қағидаттарын сақтау арқылы қамтамасыз етіледі.

Қазақстан Республикасында қылмыстық істер бойынша сот төрелігін:

Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты;

облыстық және оларға теңестірілген соттар, Әскери сот;

аудандық және оларға теңестірілген соттар;

Қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соттар, қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық әскери соттар, кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соттар, гарнизондардың әскери соттары жүзеге асырады.

Прокурор – өз құзыреті шегінде жедел-іздігі қызметінің, анықтаудың, тергеудің және сот шешімдерінің, қылмыстық процестің барлық сатыларында қылмыстық қудалаудың заңдылығын қадағалауды, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Конституциясының 83-бабына және осы Кодексте сәйкес өкілеттіктерді жүзеге асыратын лауазымды адам: осы Кодексте белгіленген өкілеттіктер шегінде іс-әрекет жасайтын Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры, Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының бірінші орынбасары, орынбасарлары, олардың аға көмекшілері мен көмекшілері, Қазақстан Республикасының Бас әскери және Бас көлік прокурорлары, Астана және Алматы қалаларының, облыстардың прокурорлары және олардың орынбасарлары, департаменттердің, басқармалардың және бөлімдердің бастықтары, олардың орынбасарлары, аға көмекшілер мен көмекшілер, басқармалар мен бөлімдердің аға прокурорлары және прокурорлары, аудандардың, қалалардың прокурорлары және оларға теңестірілген прокурорлар, олардың орынбасарлары, аға прокурорлар мен прокурорлар. Соттың қылмыстық істі қарауына қатысатын прокурор айыптауды қолдау арқылы мемлекеттің мүддесін білдіреді және мемлекеттік айыптаушы болып табылады.

Тергеу бөлімінің бастығы – сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын органның тергеу бөлімшесінің бастығы және оның өз құзыреті шегінде әрекет ететін орынбасарлары.

Өкілеттігі:

1) тергеу жүргізуді немесе сотқа дейінгі жеделдетілген тергеп-тексеруді тергеушіге тапсыруға;

2) тергеушінің өз іс жүргізуіндегі істер бойынша тергеу әрекеттерін орындауының уақтылығына, тергеушінің тергеп-тексеру және күзетпен ұстау мерзімдерін сақтауына, прокурор нұсқауларының, басқа да тергеушілер тапсырмаларының орындалуына бақылау жасауды жүзеге асыруға;

3) тергеп-тексеру жүргізуді бірнеше тергеушіге тапсыруға;

4) тергеушіні іс бойынша іс жүргізуден шеттетуге;

5) қылмыстық істерді зерделеуге және олар бойынша нұсқаулар беруге;

6) өз құзыреті шегінде өзіне бағынысты, алдын ала тергеуді жүзеге асыратын органның бір тергеу бөлімшесінен қылмыстық істі алуға және алдын ала тергеуді жүзеге асыратын, өзіне бағынысты осы не өзге органның басқа тергеу бөлімшесіне беруге;

7) қылмыстық істерді айыптау актісімен бірге прокурорға жіберуге;

8) тергеушінің негізсіз процестік шешімінің күшін жою туралы өтінішпен прокурорға өтініш жасауға;

9) өз құзыреті шегінде анықтау органдарына орындау үшін міндетті тапсырмалар мен нұсқаулар беруге уәкілетті.

Тергеуші – қылмыстық іс бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеруді өз құзыреті шегінде жүзеге асыруға уәкілетті лауазымды адам: ішкі істер органдарының тергеушісі, ұлттық қауіпсіздік органдарының тергеушісі және қаржы полициясы органдарының тергеушісі, сондай-ақ осы Кодексте көзделген жағдайларда – прокурор.

Күдікті бұл:

- 1) өзіне қатысты күдікті ретінде тану туралы қаулы шығарылған;
- 2) осы Кодекстің 131-бабының тәртібімен ұстап алынған;
- 3) өзіне қатысты күдіктінің іс-әрекетін саралау туралы қаулы шығарылған;
- 4) қылмыстық теріс қылық жасады деген күдіктің болуына байланысты жауап алынған адам күдікті болып табылады.

Күдікті ұстап алынған жағдайда ұстап алу туралы хаттама жасалған кезден бастап жиырма төрт сағаттан кешіктірілмей, оның өзі таңдаған немесе тағайындалған қорғаушымен алғашқы жауап алуға дейін оңаша және құпия кездесу құқығы қамтамасыз етіле отырып, одан жауап алынуға тиіс. Ұстап алынған күдікті өзінің тұрғылықты жеріне немесе жұмыс орнына өзінің ұсталғандығы және ұсталып отырған жері туралы телефон арқылы немесе өзге де тәсілмен дереу хабарлауға құқылы.

Айыпталушы бұл:

- 1) прокурор айыптау актісін бекіткен;
- 2) прокурор қылмыстық теріс қылық туралы хаттаманы бекіткен және қылмыстық істі қылмыстық заңның тиісті бабы (баптары) бойынша сотқа жіберу туралы шешім қабылдаған;
- 3) сотқа дейінгі тергеп-тексеру осы Кодекстің 617-бабының төртінші бөлігінде көзделген тәртіппен процестік келісім жасасу арқылы аяқталған адам айыпталушы болып танылады.

Қорғаушы – қорғалуға құқығы бар куәның, күдіктінің, айыпталушының, сотталушының, сотталған адамның, ақталған адамның құқықтары мен мүдделерін заңда белгіленген тәртіппен қорғауды жүзеге асыратын және оларға қылмыстық іс бойынша іс жүргізу кезінде заң көмегін көрсететін адам.

Адвокат қорғаушы ретінде қатысады. Адвокат қылмыстық процеске қорғаушы ретінде қатысқан кезде қорғалуға құқығы бар куәның, күдіктінің, айыпталушының, сотталушының, сотталған адамның, ақталған адамның жазбаша арызы бойынша оларды адвокатпен қатар қорғауды мына адамдардың біреуі: жұбайы (зайыбы) немесе жақын туысы, қорғаншысы, қамқоршысы не қорғалатын адамды қорғаншылыққа немесе асырауына алған ұйымның өкілі жүзеге асыра алады. Шетелдік адвокаттардың іске қорғаушылар ретінде қатысуына, егер бұл Қазақстан Республикасының тиісті мемлекетпен жасасқан халықаралық шартында өзара түсіністік негізде көзделсе, заңнамада белгіленген тәртіппен жол беріледі.

Жәбірленуші бұл қылмыстық құқық бұзушылық өзіне тікелей моральдық, тәндік немесе мүліктік зиян келтірді деп пайымдауға негізі бар тұлға қылмыстық процесте деп танылады.

Тұлға қылмыстық процесте тиісті қаулы шығарылғаннан кейін жәбірленуші деп танылады. Егер қылмыстық процесс барысында оның бұл жағдайда болуына негіздер жоқ екені анықталса, қылмыстық процесті жүргізетін орган өз қаулысымен тұлғаның жәбірленуші ретінде қатысуын тоқтатады.

Жекеше айыптаушы бұл: жекеше айыптау ісі бойынша сотқа шағым берген және сотта айыптауды қолдайтын тұлға, сондай-ақ жариялы және жекеше-жариялы айыптау істері бойынша мемлекеттік айыптаушы айыптаудан бас тартқан жағдайда, сотта айыптауды жеке өзі қолдайтын жәбірленуші

Азаматтық талапкер бұл: қылмыстық құқық бұзушылықпен немесе есі дұрыс емес адамның іс-әрекетімен келтірілген мүліктік немесе моральдық зиянды өтеу туралы азаматтық талап қойған жеке немесе заңды тұлға болып танылады.

Қылмыстық процесске қатысатын өзге де адамдар бұл: куә, сарапшы, маман, аудармашы, куәгер, сот отырсының хатшысы, сот приставы, медиатор.

Куә — іс үшін маңызы бар қандай да болсын мән-жайлар туралы айғақ бере алатын кез-келген адам. Азамат кездейсоқ жағдайдың болуымен жиі куә болады, бірақ қылмыстық сот ісін жүргізуде оның рөлі едәуір маңызды, өйткені куә ауыстырылмайды. Ол тек, істің мән-жайын анықтау үшін қажетті ақпаратқа ие. Сондықтан да кейбір жағдайларда, азаматтың іске немесе өзге де субъект ретінде қатысу мүмкіндігі пайда болғанда, заң оған біріншіге артықшылық береді. Егер кімде-кім істің мән-жайларды туралы жеке мағлұматтарға ие болса, онда ол осы іс бойынша судья, прокурор, тергеуші, анықтаушы, сот отырсының хатшысы, аудармашы, сарапшы, маман бола алмайды.

Сарапшы іске мүдделі емес, арнаулы ғылыми білімі бар адам оған сот немесе тергеу органдары, оның арнаулы танымдары негізінде, қылмыстық істердің белгілі бір жағдайларын зерттеуді тапсырады.

Заң арнайы білім түсінігін анықтамайды, бірақ бұл жалпы таралған, жалпыға қол жететін болып табылмайтын танымдар екендігі және оларға ие болатын тек жеткілікті тар ауқымдағы мамандығы және құқықтан басқа, белгілі бір ғылым, техника, өнер саласында мамандандырылған тәжірибесі бар тұлғалар екендігі айқын. Іс бойынша өндіріс кезінде пайда болатын құқықтық сұрақтарды шешу, соттың, прокуратураның, алдын-ала тергеу органдарының ерекше құзыретін құрайды. Олардың қатарына қылмыс жасауда сол немесе басқа да тұлғалардың кінәлі немесе кінәсіздігі, іс-әрекетті саралау, әрекет етуші құқықты талқылау сұрақтары және т.б. жатады.

Аудармашы дегеніміз — аударма жасау үшін қажет тілді менгерген және күдікті, айыпталушы, сотталушы, олардың қорғаушылары не жәбірленуші, азаматтық талапкер, азаматтық жауапкер немесе олардың өкілдері, сондай-ақ, куәлар және өзге де процеске қатысушылар іс бойынша іс жүргізілетін тілді білмеген жағдайларда, сонымен бірге, жазбаша құжаттарды аудару үшін тергеу және сот іс-әрекеттеріне қатысуға тартылған іске мүдделі емес адам.

Маман ретінде іс жүргізуге қатысу үшін іске мүдделі емес, дәлелдемелерді жинауда, зерттеуде және бағалауда, сондай-ақ техникалық құралдарды қолдануда жәрдем көрсету үшін қажетті арнаулы білімі бар адам шақырылуы мүмкін.

Қылмыстық ізге түсу органы заңда көзделген жағдайда тергеу іс әрекеттерін жүргізу фактісін, оның барысы мен нәтижелерін куәландыру үшін



тартқан адамдар куәгерлер болып табылады. Өздерінің қатысуымен болып жатқан іс әрекеттерді толық және дұрыс қабылдауға қабілетті, іске мүдделі емес және қылмыстық ізге түсу органдары тәуелсіз кәмелеттік жастағы азаматтар ғана куәгерлер бола алады.

Медиатор бұл тараптар заң талаптарына сәйкес медиацияны жүргізу үшін тартатын тәуелсіз жеке тұлға болып табылады.

Медиатор тараптардың келісуімен медиация рәсімін қылмыстық құқық бұзушылық туралы арыз бен хабар тіркелген кезден бастап және қылмыстық процестің үкім заңды күшіне енгенге дейінгі кейінгі сатыларында жүзеге асыруға құқылы.

**Негізгі әдебиеттер:** 1, 2, 15,20-28,172,173.

**Қосымшаәдебиеттер:**71,82,83,85,96,120,121,131,157,159,166,177,178,197,209,227230,235,238.

### **№1 семинар**

**1 сағат**

#### **Сұрақтары:**

1. Сот қылмыстық процеске қатысушы мемлекеттік орган ретінде. Соттың өкілеттіліктері мен құрамы.
2. Тергеу судьясының қылмыстық сот ісін жүргізудегі процестік мәртебесі және оның өкілеттіктері.
3. Прокурор қылмыстық процеске қатысушы ретінде.

**Тапсырма:** Жоғарыда көрсетілген семинар сабағы сұрақтарының жауаптарына жазбаша және ауызша нысанда дайындалу керек. Осы тақырып бойынша қажетті Қазақстан Республикасының Конституциясының, ҚПК-нің және басқа да нормативтік-құқықтық актілердің, «Қазақстан Республикасының қылмыстық процестік құқығы» курсы бойынша оқу құралдарының, монографиялардың сәйкестендірілген бөлімдеріне конспект жазу керек. Сонымен қатар дәріс және семинарлық сабақтардың конспектілерін жазып келу керек.

**Негізгі әдебиеттер:** 1, 2, 15,20-28,172,173.

**Қосымшаәдебиеттер:**71,82,83,85,96,120,121,131,157,159,166,177,178,197,209,227230,235,238.

### **№2 семинар**

**1 сағат**

#### **Сұрақтары:**

1. Күдікті, айыпталушы: түсінігі, процестік мәртебесі.
2. Қорғаушы: түсінігі, процестік мәртебесі және оның өкілеттіктері. Қылмыстық іске қорғаушыны қатыстыруға рұқсат беру. Қорғаушының қылмыстық іске міндетті түрде қатысуының жағдайлары. Қылмыстық іс жүргізуден қорғаушының қатысуын шеттету.

3. Жәбірленуші, жекеше айыптаушы:түсінігі, олардың бір-бірінен айырмашылығы және процестік мәртебесі. Жекеше айыптаушыны қылмыстық іс жүргізуден шеттету.

**Тапсырма:** Жоғарыда көрсетілген семинар сабағы сұрақтарының жауаптарына жазбаша және ауызша нысанда дайындалу керек. Осы тақырып бойынша қажетті Қазақстан Республикасының Конституциясының, ҚПК-нің және басқа да нормативтік-құқықтық актілердің, «Қазақстан Республикасының қылмыстық процестік құқығы» курсы бойынша оқу құралдарының, монографиялардың сәйкестендірілген бөлімдеріне конспект жазу керек. Сонымен қатар дәріс және семинарлық сабақтардың конспектілерін жазып келу керек.

**Негізгі әдебиеттер:** 1, 2, 15,20-28,172,173.

**Қосымшаәдебиеттер:**71,82,83,85,96,120,121,131,157,159,166,177,178,197,209,227230,235,238.

**№3 семинар**

**1 сағат**

**Сұрақтары:**

1. Куә. Қорғалуға құқығы бар куә.
2. Қылмыстық процестегі сарапшы мен маманның құқықтық мәртебесі
3. Аудармашы: құқығы, міндеттері және жауаптылықтары.

**Тапсырма:** Жоғарыда көрсетілген семинар сабағы сұрақтарының жауаптарына жазбаша және ауызша нысанда дайындалу керек. Осы тақырып бойынша қажетті Қазақстан Республикасының Конституциясының, ҚПК-нің және басқа да нормативтік-құқықтық актілердің, «Қазақстан Республикасының қылмыстық процестік құқығы» курсы бойынша оқу құралдарының, монографиялардың сәйкестендірілген бөлімдеріне конспект жазу керек. Сонымен қатар дәріс және семинарлық сабақтардың конспектілерін жазып келу керек.

**Негізгі әдебиеттер:** 1, 2, 15,20-28,172,173.

**Қосымшаәдебиеттер:**82,83,85,96,120,121,131,157,159,166,177,178,197,209,227230,235,238.

**Тәжірибелік сабақтар**

**№1- Тәжірибелік**

**1 сағат**

**Тапсырма:** Дәрістік және семинарлық сабақтардың сұрақтарын оқығанның негізінде қылмыстық процестің қатысушылардың түсінігі, және олардың қылмыстық процестік құқықғында топтастырылуына қатысты сұрақтарды талқылау керек. Қылмыстық процестің қатысушылардың бұрындары зерттеген ғалым процессуалистердің еңбектерің оқу керек. Қылмыстық процесс (жалпы бөлім) пәні бойынша есептер жинағынан

қылмыстық іс жүргізудің қатысушылары тақырыбы бойынша есептерді шығару.

### **№ 1 есеп**

Күдікті Ивановқа қатысты «өзін өзі дұрыс ұстау және ешқайда кетпеу» бұлтартпау шарасы таңдалды. Ол жұмысынан өз үйіне қайтып бара жатқанда Сидоровты Ахметов тонап жатқанына куә болды.

Тонау фактісі бойынша Ахметовке қатысты сотқа дейінгі тергеп-тексеру басталды. Иванов жауап алуға шақырылды. Соңғы өз алдына өзінің басқа қылмыстық іс бойынша күдікті екенін көрсетті.

*Тонау бойынша Ивановтың процесуалдық жағдайы қандай?*

*Тұлға айыпталушы немесе күдікті бола тұра, жәбірленуші немесе куә ретінде жауапталынады ма?*

*Ивановтың жауабы аталған іс бойынша дәлелдемелік маңызы бар ма?*

*Күдікті ретінде тану туралы қаулыны құрастырыңыз.*

### **№ 2 есеп**

Шақырылған куә Д.А. Алпысбаевтың орнына оның ағасы Н.А. Алпысбаев келді де, інісінің мемлекет шекарасынан асып іс сапарға кеткенін және тек бір айдан кейін ғана қайтатынын мәлімдеді. Сотқа дейінгі тергеп-тексеру мерзімінің және күдіктінің күзетпен ұстау мерзімінің аяқталуын есепке ала отырып тергеуші куә Алпысбаевтың өз ағасына болған қылмыстық құқық бұзушылық туралы бар білгенін айтқаны туралы анықтап, Н.А. Алпысбаевқа өзінің інісі үшін жауап беруге ұсынды.

Соңғы тергеушімен келісіп, іс бойынша жауап беріп, інісінің хаттамасына қол қойды.

*Тергеушінің әрекеттері заңды ма?*

*Алынған дәлелдемелер заңды ма?*

*Сіз бұл жағдайда қалай әрекет етер едіңіз?*

### **№3 есеп**

Азаматша Е.В.Борисова Қарағанды қаласының ПБ бөліміне өзінің зайыбын қызғаныш сезіммен өлтиргенін баяндады. Тергеуші С.М.Айтқожаев дереу ҚР ҚПҚ 99.бабына сәйкес Қылмыстық құқық бұзушылық белгілерін анықтап сотқа дейінгі тергеп тексеру ісін бастады. Істің барысында аз.Барисова айғақтық түсінікті Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілінде беретінін жеткізді және аудармашы ретінде өзінің танысы аз. Б.Сейлхасимова қатысқанын өтінді. Бірақ тергеуші бұл өтінішке аудармашының жоғары білімі туралы дипломның болмағанына және ол орта біліммен бұл іске қатыса алмайтынын жеткізіп өтінішін орындамайды. Тергеушінің бұл әрекетін аз.Барисова аудандық прокурорға шағымданды.

*Тергеушінің әрекеті заңды ма?*

*Қай уақыттан бастап ұсталған адамның аудармашыға құқығы пайда болады?*

*Процеске аудармашы ретінде кім қатыса алады және оның талаптары?*

Жағдаяттық есептерді шешу барысында курсанттарға конституциямен, қылмыстық-процестік кодексімен және басқа да нормативтік-құқықтық актілермен қолдануға болады.

Жағдаяттық есептерді шешу барысында курсанттарға оқытушымен дайындалған тақырып бойынша тестік тапсырмаларды орындау қажет. Сонымен қатар тестік тапсырманың варианты екеуден кем емес, әр варианта 10 сұрақтан болу қажет.

**Негізгі әдебиеттер:** 1, 2, 15,20-28,172,173.

**Қосымшаәдебиеттер:**82,83,85,96,120,121,131,157,159,166,177,178,197, 209,227230,235,238.

## **№2- Тәжірибелік**

**1 сағат**

Дәрістік және семинарлық сабақтардың сұрақтарын оқығанның негізінде қылмыстық процестің қатысушылардың түсінігі, және олардың қылмыстық процестік құқықғында топтастырылуына қатысты сұрақтарды талқылау керек. Қылмыстық процестің қатысушылардың бұрындары зерттеген ғалым процессуалистердің еңбектерің оқу керек. Қылмыстық процесс (жалпы бөлім) пәні бойынша есептер жинағынан қылмыстық іс жүргізудің қатысушылары тақырыбы бойынша есептерді шығару.

### **№ 1 есеп**

Тергеуші тұрғын үйді қарап-тексеру тергеу әрекетін жүргізіп, хаттама толтырған.

Пәтердің иесі Хохорин хаттамамен танысу кезінде, өзінің көзінің жаман көретіндіктен жазылған тексті түсіне алмады. Тергеуші оған өзі сенетін адамын шақыртып ол сол хаттамамен танысып сол үшін қол қоюды сұрады.

Хохорин өзінің жұбайы туғаннан есту және сөйлеу қабілеті жоқ Рогожинаны шақыртты. Рогожина тергеушінің ұсынысымен қолын қойғызды.

*Жағдайды бағалаңыз.*

*Тергеушінің әрекеті дұрыспа.*

*Бұл жағдай бойынша шығу әрекеті қандай.*

### **№2 есеп**

Аз. Н.Ф.Романов жол-көлік оқиғасы бойынша күдікті ретінде танылды. Полиция бөлімінде аз.Н.Ф.Романов басқа тергеушімен аз.Д.Д. Сидорованың есірткі заттарын сатумен айналысқаны себебімен жеке басын тінту барысында куәгер ретінде қатысты, кейін жол-көлік оқиғасы бойынша одан жауап алынды.

*Аз.Романов есірткі заттарын сатқаны үшін аз.Д.Д.Сидорованың жеке басын тінту барысында куәгер ретінде қатыса алады ма?*

*Аз.Сидорованың ісіне қатысты аз.Романовтан жауап алғанда оның процесуалдық жағдайы?*

*Сидорованың жеке басын тінтуіне байланысты Романовтың жауап беруі заңды ма?*

*Куәнің жауап беруі барысында айтыылғанның толық көлемдігін және дұрыстығын қалай анықтайды?*

### **№3 есеп**

20 жастағы Карбаев пен кәмелет жасқа толмаған Степанян ҚР ҚК 188 б. 2 тармағы бойынша іске қатыстырылды.Степанянға қатысты тергеу жұмысында қорғаушы-адвокат қатысқанын естіген Карбаев прокурорға азаматтардың заң және сот алдында теңдігі бұзылғаны туралы арыз жазды. Себебі Карбаевтың ісін жүргізу барысында қорғаушы-адвокат қатыспады.

*Жағдайды бағалаңыз.*

*Карбаевтың арызы заңды ма?*

*Азаматтардың заң мен сот алдындағы теңдігі принципіннің мәні қандай?*

*Қылмыстық істі тергеуге қорғаушы адвокаттың қатысуының міндетті шарттары қандай?*

*Қорғаушыны іс бойынша қатысуға рұқсат берудің сәттерін анықтаңыз?*

Жағдаяттық есептерді шешу барысында курсанттарға конституциямен, қылмыстық-процестік кодексмен және басқа да нормативтік-құқықтық актілермен қолдануға болады.

Жағдаяттық есептерді шешу барысында курсанттарға оқытушымен дайындалған тақырып бойынша тестік тапсырмаларды орындау қажет. Сонымен қатар тестік тапсырманың варианты екеуден кем емес, әр варианты 10 сұрақтан болу қажет.

**Негізгі әдебиеттер:** 1, 2, 15,20-28,172,173.

**Қосымшаәдебиеттер:**82,83,85,96,120,121,131,157,159,166,177,178,197, 209,227230,235,238.

**КОӨЖ (аудиторлық)**

**1 сағат**

**Тапсырма:** Дәрістік және семинарлық сабақтардың сұрақтарын оқығанның негізінде қылмыстық процеске қатысушылардың түсінігіне, түрлеріне және құқықтық мәртебесіне және де олардың қылмыстық процестік құқығында топтастырылуына қатысты сұрақтарды талқылау керек. Қылмыстық процестің қатысушылардың құқықтық табиғатын бұрындары зерттеген ғалым процессуалистердің еңбектерің оқу керек.

Сабақ барысында курсанттарға келесі сұрақтарды оқуға көңіл бөлулері керек:

1. Қылмыстық процесте тергеуші мен анықтаушының процестік мәртебесі.
2. Анықтау органы: түсінігі, қызметі және түрлері.
3. Тергеу бөлімінің бастығы. Анықтау органының бастығы.

**Негізгі әдебиеттер:** 1, 2, 15,20-28,172,173.

**Қосымша әдебиеттер:** 82,83,85,96,120,121,131,157,159,166,177,178,197, 209,227230,235,238.

**КОӨЖ (аудиторядан тыс)**

**1 сағат**

**Тапсырма:** Дәрістік және семинарлық сабақтардың сұрақтарын оқығанның негізінде қылмыстық процеске қатысушылардың түсінігіне, түрлеріне және құқықтық мәртебесіне және де олардың қылмыстық процестік құқығында топтастырылуына қатысты сұрақтарды талқылау керек. Қылмыстық процестің қатысушылардың құқықтық табиғатын бұрындары зерттеген ғалым процессуалистердің еңбектерің оқу керек.

Сабақ барысында курсанттарға келесі сұрақтарды оқуға көңіл бөлулері керек:

1. Азаматтық талапкер және азаматтық жауапкер: түсінігі, процестік мәртебесі.
2. Қылмыстық процеске қатысушылардың өкілдері, заңды өкілдері: түсінігі, құқықтары және міндеттері.

**КОӨЖ (аудиторлық)**

**1 сағат**

**Тапсырма:** Дәрістік және семинарлық сабақтардың сұрақтарын оқығанның негізінде қылмыстық процеске қатысушылардың түсінігіне, түрлеріне және құқықтық мәртебесіне және де олардың қылмыстық процестік құқығында топтастырылуына қатысты сұрақтарды талқылау керек. Қылмыстық процестің қатысушылардың құқықтық табиғатын бұрындары зерттеген ғалым процессуалистердің еңбектерің оқу керек.

Сабақ барысында курсанттарға келесі сұрақтарды оқуға көңіл бөлулері керек:

1. Қылмыстық процес қатысушысы ретінде күәгер.
2. Сотқа дейінгі тергеп-тексеруде медиатордың құқықтық мәртебесі.
3. Сот приставы және сот хатшысы. Олардың құқықтары мен міндеттері.
4. Қылмыстық іс жүргізуде қарсылық білдірудің түсінігі, түрлері және маңызы.

**КӨЖ**

**9 сағат**

Өзіндік жұмыста курсант:

1. Сабақтың тақырыбы бойынша берілген барлық негізгі әдебиеттердің тізімімен оқып, танысулары керек.
2. Қосымша әдебиеттермен танысулары керек.
3. Дәрістің конспектілерін дайындаулары керек және төменде келтірілген сұрақтарға қысқаша жауабы бар конспек жазып келулері керек.  
Өзіндік дайындыққа берілетін сұрақтар:
  1. Қазақстан Республикасының ҚПК бойынша анықтау органдарының тізімін тізбектеп береңіз?
  2. Анықтау органы алдын ала тергеу жүргізуге құқылы ма?
  3. Анықтаушының процестік мәртебесі тергеушінің процестік мәртебесінен айырмашылығы?
  4. Анықтаушының қандай процестік шешімдері анықтау органының бастығымен бекітіледі?
  5. Күдікті (айыпталушы) қандай құқықтары және міндеттері бар?
  6. Куәгерлердің қатысуыңыз қандай тергеу әрекеттерін өткізуге болады ма ?
  7. Сарапшы мен маманның қандай айырмашылығы бар?
  8. “Қорғаушы” мен “адвокат” деген ұғымдардың ара қатынасы қандай?
  9. Тергеушінің, анықтаушының қызметін ведомствалық (процестік) бақылау дегенді қалай түсінесіз?
  10. Тергеуші жасырын тергеу әрекеттерінің материалдарымен танысуға құқылы ма?
  11. Судьяның тергеу судьясынан қандай айырмашылығы бар?
  12. Прокурордың процестік прокурордан қандай айырмашылығы бар?
  13. Анықтау органының бастығы кім болып табылады?
  14. Қылмыстық іс бойынша кім қорғаушы бола алады?
  15. Қылмыстық іс бойынша қорғаушы қандай кездерде міндетті түрде қатысады?
  16. Азаматтық талапкер мен жәбірленушінің қандай айырмашылығы бар?
  17. Азаматтық жауапке мен күдіктінің қандай айырмашылығы бар?
  18. Қылмыстық іс бойынша кім куәгер бола алады?
  19. Медиатор деген кім?
  20. Аудармашыға қандай талаптар қойылады?
  21. Қылмыстық процесте «қатысушылар», «субъектілер» және «тараптар» деген түсініктердің арақатынасын анықтап беріңіздер?
  22. Күдіктінің (айыпталушының) құқықтарын қамтамасыз ету кімге жүктеледі?
  23. «Қорғау» процестік қызмет ретінде неде білінеді?
  24. Адвокат пен қорғаушының айырмашылығы неде?
  25. Жәбірленуші азаматтық талапкер деп танылуы керек пе?
  26. Қандай жағдайларда қорғаушы қылмыстық істен шеттетіледі?
  27. Жекеше айыптаушыны қылмыстық істен кім шеттетуге құқылы?
  28. Қай кезден бастап қылмыстық құқықбұзушылық жасаған адам күдікті деп саналады?

29. Қандай мерзім ішінде күдіктіден егер де ол ұстап алынған жағдайда жауап алынуы керек?

30. Тұрғын үй-жайды куәгерлердің қатысуынсыз қарап-тексеруге болады ма?

31. Кімнен куә ретінде жауап алуға болмайды?

32. Қандай жағдайларда іс бойынша азаматтық жауапкер қатыстырылады?

33. Тергеуші өзі жетік білетін тілде толтырылған құжаттарды аударалады ма?

34. Заңды тұлға заңды өкіл ретінде қатыстырыла алады ма?

35. Қандай тергеу әрекеттеріне куәгер міндетті түрде қатыстырылады?

36. Кім қылмыстық іс бойынша азаматтық талапкер мен жауапкердің қылмыстық істен шеттетуге құқылы?

37. Куә мен қорғалуға құқығы бар куәнің қандай айырмашылығы бар?

38. Сарапшы мен маман кім болып табылады, олардың айырмашылығы?

39. Адвокат пен қорғаушының айырмашылығы неде?

40. Кәугерге қарсылық білдіру қандай жағдайларда қолданылады?

41. Тергеу судьясының өкілеттіктері?

42. Қорғаушының өкілеттіктері?

### **Өзіндік дайындық кезінде курсанттар келесі нормативтік-құқықтық актілерді конспектілеулері керек:**

1. Қазақстан Республикасының Заңы 2017 жылғы 30 шілде № №81-VI «Прокуратура туралы» (21.12.2017 ж. өзг. мен толық. енгізілген).

2. Қазақстан Республикасының Заңы 1997 жылғы 05 желтоқсан № 195 «Адвокаттық қызмет туралы» (08.04.2017 ж. өзг. мен толық. енгізілген).

3. Қазақстан Республикасының Заңы 2017 жылғы 10 ақпан «Сот-сараптама қызметі туралы» (18.04.2017 ж. өзг. мен толық. енгізілген).

4. Қазақстан Республикасының Заңы 2011 жылғы 28 қантар № 401-IV «Медиация туралы» (31.10.2015 ж. өзг. мен толық. енгізілген).

5. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 16 наурыздағы № 220 бұйрығы «Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының тергеу, анықтау бөліністерінің және әскери-тергеу бөліністерінің қызметін жетілдіру бойынша шаралар туралы», (06.04.2018 ж. өзг. мен толық. енгізілген).

6. 2018 жылғы 02 мамырдағы Қазақстан Республикасының Бас прокурорының Бұйрығы №60 «Прокурорлық қадағалауды ұйымдастыру туралы кейбір мәселелері».

7. Бас Прокурордың бұйрығы № 30 27 ақпан 2018ж «Процесс прокурорының қадағалауды ұйымдастыруы жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы».

8. «Қылмыстан зардап шеккен адамдардың құқықтарын және міндеттерін реттейтін заңдарды қолданудың тәжірбиесі туралы» 1992 жылғы



24 сәуірдегі ҚР Жоғарғы Соты Пленумының №2 қаулысы», (20.04.2018 ж. өзг. мен толық. енгізілген).

9. Қылмыстық іс бойынша азаматтық талапты қарау туралы ҚР Жоғарғы Сотының 2005 ж. 20 маусымда қабылданған № 1 нормативтік қаулысы», (21.04.2011 ж. өзг. мен толық. енгізілген).

**Негізгі әдебиеттер:** 1, 2, 15,20-28,172,173.

**Қосымша әдебиеттер:**82,83,85,96,120,121,131,157,159,166,177,178,197, 209,227230,235,238.

#### **4-тақырып. Ақтау. Қылмыстық процесті жүргізетін органның заңсыз әрекеттерімен келтірілген зиянды өтеу.**

##### **№1-семинар**

**1 сағат**

##### **Сұрақтары:**

1. Қылмыстық ізге түсудің түсінігі және нысаны.
2. Қылмыстық іс процесте ақтаудың түсінігі мен негізі.

**Тапсырма:** Жоғарыда көрсетілген семинар сабағы сұрақтарының жауаптарына жазбаша және ауызша нысанда дайындалу керек. Осы тақырып бойынша қажетті Қазақстан Республикасының Конституциясының, ҚПК-нің және басқа да нормативтік-құқықтық актілердің, «Қазақстан Республикасының қылмыстық процестік құқығы» курсы бойынша оқу құралдарының, монографиялардың сәйкестендірілген бөлімдеріне конспект жазу керек. Сонымен қатар дәріс және семинарлық сабақтардың конспектiлерiн жазып келу керек.

**Негізгі әдебиеттер:** 1, 2, 3,4, 5, 172,173.

**Қосымша әдебиеттер:** 43,61,146,148,177,178,186,189,194,230,235.

##### **№2-семинар**

**1 сағат**

##### **Сұрақтары:**

1. Жариялы айыптау істері бойынша қылмыстық қудалаудың тәртібі.
2. Жекеше-жариялы және жекеше айыптау істері бойынша қылмыстық қудалаудың тәртібі.

**Тапсырма:** Жоғарыда көрсетілген семинар сабағы сұрақтарының жауаптарына жазбаша және ауызша нысанда дайындалу керек. Осы тақырып бойынша қажетті Қазақстан Республикасының Конституциясының, ҚПК-нің және басқа да нормативтік-құқықтық актілердің, «Қазақстан Республикасының қылмыстық процестік құқығы» курсы бойынша оқу құралдарының, монографиялардың сәйкестендірілген бөлімдеріне конспект жазу керек. Сонымен қатар дәріс және семинарлық сабақтардың конспектiлерiн жазып келу керек.

**Негізгі әдебиеттер:** 1, 2, 3,4, 5, 172,173.

**Қосымша әдебиеттер:** 43,61,146,148,177,178,186,189,194,230,235.

### **№3-семинар**

**1 сағат**

#### **Сұрақтары:**

1. Қылмыстық іс бойынша іс жүргізуді болғызбайтын мән-жайлар.
2. Қылмыстық қудалауды жүзеге асырмауға мүмкіндік беретін мән-жайлар.

**Тапсырма:** Жоғарыда көрсетілген семинар сабағы сұрақтарының жауаптарына жазбаша және ауызша нысанда дайындалу керек. Осы тақырып бойынша қажетті Қазақстан Республикасының Конституциясының, ҚПК-нің және басқа да нормативтік-құқықтық актілердің, «Қазақстан Республикасының қылмыстық процестік құқығы» курсы бойынша оқу құралдарының, монографиялардың сәйкестендірілген бөлімдеріне конспект жазу керек. Сонымен қатар дәріс және семинарлық сабақтардың конспекттерінен жазып келу керек.

**Негізгі әдебиеттер:** 1, 2, 3,4, 5, 172,173.

**Қосымша әдебиеттер:** 43,61,146,148,177,178,186,189,194,230,235.

### **Тәжірибелік сабақтар**

#### **№1-Тәжірибелік**

**1 сағат**

##### **№ 1 есеп**

09.11.2017 жылы аз. А.П. Тукеевке қатысты қылмыстық істі Қазақстан Республикасының ҚПК 35 б 2б 1 т сәйкес қылмыстық істі тоқтатқан.

15.11.2017 жылы А.П. Тукеев өзінің қорғаушысымен қылмыстық қудалау органдарына келтірілген материалдық және моралдық шығындарды өтеуді туралы шағымын жазған болатын. Бір аптадан кейін Тукеев туберкулез өкпесінен қаза табады. Бұл аурумен Тукеев 6 ай тергеу изоляторында отырғанда жұқтырып алған. Ол туралы медициналық кітапшада жазба болған.

Тукеевтың туыстары сотқа жүгініп келтірілген шығындарды 100 000 тенгеден өтеуді сұрады.

*Тукеевтың қайтыс болу дерегі бойынша кім материалдық және моарлдық шығындарды алуға құқығы бар.*

*Шағымданған сот Тукеевтың туыстарының шағымын қанағаттандыру керек па.*

*Бұл жағдайда ақтау дерегі орын алдыма.*

##### **№ 2 есеп**

Тергеуші қылмыстық істі тергеу барысында сараптаманың қорытындысын алған. Сараптаманың қорытындысына сәйкес күдікті Л.И. Шахов үздік уақыт бойы психикалық аурумен аурады. Оның ойлау қабілеті 14 жастағы баламен бірдей. Қазақстан Республикасының ҚПК 35 б 1 б 10 т

сай тергеуші қылмыстық іс бойынша күдіктіге қатысты қылмыстық қудалауды тоқтатты.

*Жағдайды бағалаңыз. .*

*Тергеушінің іс әрекетіне баға беріңіз.*

*Іс бойынша процесуалдық шешім қабылдаңыз.*

Сотқа дейінгі тергеп-тексеруде заңдылықты сақталуын қадағалау негізінде, Теміртау қалалық прокуроры тергеу бөлімінен медициналық айықтырғыш бөлімінің қызметкерлеріне бірнеше тонаушылық жасау дерегі бойынша қылмыстық істі тәркілеген.

Қылмыстық іс материалдарымен танысу кезінде прокурор әрі қарай тергеуді тергеу басқармасы ПД жолдады. Өйткені Қазақстан Республикасының ҚПК 24 б сәйкес бұл қылмыстық іс үлкен қоғамдық резонанстық болып келеді.

Теміртау қаласының ПБ-ның тергеу бастығы, прокурордың іс әрекеті заңды негізі жоқ деп, облыстық прокурорға шағымданды.

*Жағдайды бағалаңыз.*

*Қадағалау прокурордың іс әрекеті заңды ма?*

*Шағымдану кезінде прокурорлық қадағалауы тоқтата тұру шешімін қабылдау болады ма.*

### **№ 3 есеп**

2017 жылғы 30 желтоқсан мен 31 желтоқсан түні Стокин А.В., 10.11.2004. және Пискунов 12.10.2005. Қарағандыдағы «1000 мелочей» дүкенінен 180 мың теңге көлемінде бөтеннің мүлкін ұрлаған.

2018 жылдың 2 қаңтарында жоғарыда аталған күдіктілер ұсталды. Кәмелетке толмағандардан жауап алу кезінде, Стокин наркологиялық диспансерде тіркелгендігі және Пискуновтың психоневрологиялық диспансерде тұрғаны анықталды.

Тергеу бөлімінің бастығы тергеушіге қылмыстық іс қозғалмағаны үшін қылмыстық істі тоқтату туралы шешім қабылдауға нұсқау берді, себебі Стокин мен Пискунов қылмыстық жауаптылыққа тарту жасына толмаған.

*Жағдайды бағалаңыз.*

*Тергеу бөлімінің бастығының нұсқауы дұрыс?*

*Алдын ала тергеудің жалпы шарттары сақталды ма?*

*Сіз тергеушінің орнына қалай әрекет етер едіңіз?*

Жағдаяттық есептерді шешу барысында курсанттарға конституциямен, қылмыстық-процестік кодексімен және басқа да нормативтік-құқықтық актілермен қолдануға болады.

Жағдаяттық есептерді шешу барысында курсанттарға оқытушымен дайындалған тақырып бойынша тестік тапсырмаларды орындау қажет.

Сонымен қатар тестік тапсырманың варианты екеуден кем емес, әр варианты 10 сұрақтан болу қажет.

**Негізгі әдебиеттер:** 1, 2, 15,20-28,172,173.

**Қосымша әдебиеттер:**82,83,85,96,120,121,131,157,159,166,177,178,197, 209,227230,235,238.

### **КОӨЖ (аудиторлық)**

**1 сағат**

**Тапсырма:** Дәрістік және семинарлық сабақтардың сұрақтарын оқығанның негізінде қылмыстық қудалаудың түсінгіне, түрлеріне және маңыздылығына және де ақтауға қатысты сұрақтарды талқылау керек. Қылмыстық сот ісін жүргізуде қылмыстық қудалаудың және ақтаудың процестің қағидатының бұрындары зерттеген ғалым процессуалистердің еңбектерің оқу керек.

Сабақ барысында курсанттарға келесі сұрақтарды оқуға көңіл бөлулері керек:

1. Моральдық зиянның түсінігі мен маңыздылығы. Моральдық зиянның салдарын жою.
2. Мүліктік зиянның орнын толтырудың тәртібі.
3. Зиянның орнын толтыруға құқылы екенін тануға негіз болатын қылмыстық процессті жүргізуші органдардың заңсыз әрекеттері.

**Негізгі әдебиеттер:** 1, 2, 3,4, 5, 172,173.

**Қосымша әдебиеттер:** 43,61,146,148,177,178,186,189,194,230,235.

### **КОӨЖ (аудиторядан тыс)**

**1 сағат**

**Тапсырма:** Дәрістік және семинарлық сабақтардың сұрақтарын оқығанның негізінде қылмыстық қудалаудың түсінгіне, түрлеріне және маңыздылығына және де ақтауға қатысты сұрақтарды талқылау керек. Қылмыстық сот ісін жүргізуде қылмыстық қудалаудың және ақтаудың процестің қағидатының бұрындары зерттеген ғалым процессуалистердің еңбектерің оқу керек.

Сабақ барысында курсанттарға келесі сұрақтарды оқуға көңіл бөлулері керек:

1. Жекеше-жариялы айыптау істері бойынша қылмыстық қудалаудың тәртібі.
2. Қылмыстық процесте келтірілген зиянның түрлері. Келтірілген зиянды толтыру туралы талапты берудің мерзімдері.

**Негізгі әдебиеттер:** 1, 2, 15,20-28,172,173.

**Қосымша әдебиеттер:**82,83,85,96,120,121,131,157,159,166,177,178,197, 209,227230,235,238.

Өзіндік жұмыста курсант:

1. Сабақтың тақырыбы бойынша берілген барлық негізгі әдебиеттердің тізімімен оқып, танысулары керек.
2. Қосымша әдебиеттермен танысулары керек.
3. Дәрістің конспектілерін дайындаулары керек және төменде келтірілген сұрақтарға қысқаша жауабы бар конспек жазып келулері керек.

Өзіндік дайындыққа берілетін сұрақтар:

2. Қолданыстағы заң бойынша қылмыстық қудалау қандай нысанда жүзеге асырылады?
3. Жекеше-жариялы тәртіпте жүргізілетін қылмыстық қудалау жариялы тәртіпте жүргізілетін қылмыстық қудалаудан қандай айырмашылығы бар?
4. Қылмысты қудалаудың жалпы шарттарың атаңыз?
5. Жекеше айыптау ісі бойынша жүргізілетін қылмыстық қудалау бойынша жариялы тәртіпте жүргізілетін қылмыстық қудалауды жүзеге асыруға болады ма?
6. Сырттай нысанда қылмыстық қудалауды жүзеге асырудың негіздерің айтыңыз?
7. Сырттай нысанда қылмыстық қудалауды жүзеге асырудың маңыздылығы неде?
8. Онша ауыр емес және ауырлығы орташа қылмыстар бойынша сырттай нысанда қылмыстық қудалауды жүзеге асыруға болады ма?
9. Сырттай нысанда қылмыстық қудалауды жүзеге асыруға болады ма, егер де Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерде және тергеуден жалтарып жүрген айыпталушы қорғаушыдан бас тартса?
10. Қылмыстық іс бойынша қандай зиянның орны толтырылуға жатады?
11. Қылмыстық процесте моральдық зиянның орны толтырылуы туралы талап қарастырылады ма?
12. Қылмыстық процесті жүргізуші органның заңсыз әрекеттерімен келтірілген дегенді қалай түсінесіздер?
13. Заңды тұлғаларға келтірілген зиянның орны толтырылады ма?
14. Егер де рақымшылық актінің шығуымен байланысты қылмыстық іс тоқтатылатын болса, онда жәбірленушінің келісімі керек пе?
15. Қылмыстық істі тоқтату кезінде қандай негіздер ақталмайтын болып табылады?
16. Қазақстан Республикасының қылмыстық кодексінің қандай ережелерінде адамға қатысты қылмыстық істі тоқтатуға болады?
17. Қылмыстық істі қандай сатыда тоқтатуға болады?
18. Тергеушіге қандай әрекеттерді жүргізуге болады егерде қылмыстық істі тоқтатқан кезде онда адамның сыбайлас-жемқорлық құқықбұзушылығының белгілері бар болса?

19. Жекеше айыптаушы айыпты әрі қарай қолдай бере алады ма, егерде мемлекеттік айыптаушы айыптаудан бас тартқан болса?

**Өзіндік дайындық кезінде курсанттар келесі нормативтік-құқықтық актілерді конспектілеулері керек:**

1. Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы Заңы № 410-V ҚРЗ «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» (03.07.2017 ж. өзг. мен толық. енгізілген)..

2. Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты Пленумының 1999 жылғы 9 шілдедегі N 7 қаулысы «Қылмыстық процесті жүргізген органдардың заңсыз әрекеттері салдарынан келтірілген зиянды өтеу жөніндегі заңды қолдану тәжірибесі туралы» (31.03.2017 ж. өзг. мен толық. енгізілген).

3. Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының нормативтік 1992 жылғы 18 желтоқсандағы N 6 қаулысы «Сот тәжірибесінде азаматтардың және заңды тұлғалардың ар-намысы мен абыройын және іскерлік беделділігін қорғау жөніндегі заңдылықты қолдану туралы» (31.03.2017 ж. өзг. мен толық. енгізілген).

4. Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты Пленумының 2001 жылғы 21 маусымдағы N 3 қаулысы «Соттармен келтірілген зиянды өтеу жөніндегі заңды қолдану тәжірибесі туралы» (31.03.2017 ж. өзг. мен толық. енгізілген).

**Негізгі әдебиеттер:** 1, 2, 15,20-28,172,173.

**Қосымшаәдебиеттер:**82,83,85,96,120,121,131,157,159,166,177,178,197, 209,227230,235,238.

**№ 5-тақырып. Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің жалпы шарттары**

**Дәріс**

**1 сағат.**

**Жоспар:**

1. Қылмыстық іс бойынша процестік шешімдердің түсінігі және құқықтық мәні.

2. Қылмыстық істерді біріктіру және бөлектеу.

**Дәріс тезисы**

Процестік шешімдер – қылмыстық процесті жүргізетін органдардың қылмыстық іс бойынша іс жүргізуді жүзеге асыруға байланысты шығарылған актілері

Үкім — айыпталушының кінәлілігі немесе кінәсіздігі және оған жаза қолдану немесе қолданбау туралы мәселе бойынша бірінші сатыдағы соттың басты сот отырысында шығарылған сот шешімі.

Қаулы — соттың үкімнен басқа әртүрлі шешімдері; анықтаушының, тергеушінің, прокурордың қылмыстық іс бойынша сотқа дейінгі іс жүргізу барысында қабылданған шешімдері

Санкция - прокурордың, соттың сотқа дейінгі іс жүргізу барысында қылмыстық ізге түсу органы қабылдаған іс жүргізу шешімін бекіту актісі.

Хаттама - қылмыстық процесті жүргізуші орган жасаған іс жүргізу әрекеті көрсетілетін іс жүргізу құжаты.

Қылмыстық процестік құжаттарын топтастыру.

1. Қылмыстық іс жүргізу шешімдері жазылатын құжаттар (қаулы, үкім, айыптау акті).

2. Тергеу әрекеттерінің барысы мен нәтижелері жазылатын құжаттар (тергеу хаттамасы, сот мәжәләсәнәң хаттамасы).

3. Өзге де құжаттар (жазбаша нұсқау, ұсыныс, шақыру қағазы, тапсырма және басқалар).

Іс жүргізу құжаты кіріспен, баяндау, қара бөлімдерінен тұрады.

Бір немесе бірнеше қылмыстық құқық бұзушылықты сыбайласып жасаған бірнеше адамға қатысты қылмыстық істер, бірнеше қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адамға қатысты істер, сондай-ақ осы қылмыстарды күні бұрын уәде бермей жасырғандығы немесе олар туралы айтпағандығы үшін күдік келтірілетін, айыпталатын адамға қатысты істер бір іс жүргізуге біріктірілуі мүмкін.

Қылмыстық істі бөлектеп алу

Сот, қылмыстық қудалау органы қылмыстық істен:

1) мемлекеттік құпияларды қорғауға байланысты жабық сот талқылауы үшін негіздер өздеріне қатысты болатын, бірақ басқа күдіктілерге, айыпталушыларға қатысты емес жекелеген күдіктілерге немесе айыпталушыларға;

2) ересектермен бірге қылмыстық жауаптылыққа тартылған кәмелетке толмаған күдіктіге немесе айыпталушыға;

3) қылмыстық жауаптылыққа тартылуға жататын жекелеген анықталмаған адамдарға қатысты, сондай-ақ осы Кодекстің 45-бабында көзделген басқа да жағдайларда;

4) прокурор процестік келісім жасасқан күдіктіге, айыпталушыға, сотталушыға қатысты басқа қылмыстық істі жеке іс жүргізуге бөлектеп алуға құқылы.

**Негізгі әдебиеттер:** 1, 2, 3, 8, 20, 87, 156, 158, 188.

**Қосымша әдебиеттер:** 33,44,49,51,63,72,75,86,113,139,144,174,179.

**№1-семинар сабағы**

**1 сағат.**

**Сұрақтары:**

1. Қылмыстық сот ісін жүргізудің форматы (қағаз және электрондық формат).

2. Іс бойынша сот ісін жүргізуді тоқтата тұру және сотқа дейінгі тергеп-тексеру мерзімдерін үзу.

**Тапсырма:** Жоғарыда көрсетілген семинар сабағы сұрақтарының жауаптарына жазбаша және ауызша нысанда дайындалу керек. Осы тақырып бойынша қажетті Қазақстан Республикасының Конституциясының, ҚПК-нің және басқа да нормативтік-құқықтық актілердің, «Қазақстан Республикасының қылмыстық процестік құқығы» курсы бойынша оқу құралдарының, монографиялардың сәйкестендірілген бөлімдеріне конспект жазу керек. Сонымен қатар дәріс және семинарлық сабақтардың конспектілерін жазып келу керек.

**Негізгі әдебиеттер:** 1, 2, 3,8,20,87,156,188.

**Қосымша әдебиеттер:** 33,44,49,51,63,72,75,86,113,139,144,174,179

**№2-семинар сабағы**

**1 сағат.**

### **Сұрақтары:**

1. Процестік мерзімдер: түсінігі, маңызы, түрлері, есептеу тәртібі.
2. Қылмыстық істерді біріктіру және бөлектеу: негіздері, мерзімдерді есептеудің тәртібі.

**Тапсырма:** Жоғарыда көрсетілген семинар сабағы сұрақтарының жауаптарына жазбаша және ауызша нысанда дайындалу керек. Осы тақырып бойынша қажетті Қазақстан Республикасының Конституциясының, ҚПК-нің және басқа да нормативтік-құқықтық актілердің, «Қазақстан Республикасының қылмыстық процестік құқығы» курсы бойынша оқу құралдарының, монографиялардың сәйкестендірілген бөлімдеріне конспект жазу керек. Сонымен қатар дәріс және семинарлық сабақтардың конспектілерін жазып келу керек.

**Негізгі әдебиеттер:** 1, 2, 3,8,20,87,156,188.

**Қосымша әдебиеттер:** 33,44,49,51,63,72,75,86,113,139,144,174,179

**№3-семинар сабағы**

**1 сағат.**

### **Сұрақтары:**

1. Қылмыстық іс бойынша өндірісті аяқтау.
2. Тергеушімен қылмыстық істі аяқтау кезінде процестік шешімдердің түрлері.

**Тапсырма:** Жоғарыда көрсетілген семинар сабағы сұрақтарының жауаптарына жазбаша және ауызша нысанда дайындалу керек. Осы тақырып бойынша қажетті Қазақстан Республикасының Конституциясының, ҚПК-нің



және басқа да нормативтік-құқықтық актілердің, «Қазақстан Республикасының қылмыстық процестік құқығы» курсы бойынша оқу құралдарының, монографиялардың сәйкестендірілген бөлімдеріне конспект жазу керек. Сонымен қатар дәріс және семинарлық сабақтардың конспектілерін жазып келу керек.

**Негізгі әдебиеттер:** 1, 2, 3,8,20,87,156,188.

**Қосымша әдебиеттер:** 33,44,49,51,63,72,75,86,113,139,144,174,179

**№1-Тәжірибелік сабағы**

**1 сағат.**

### **№ 1 есеп**

Қарағанды қаласының ПБ ТБ аға тергеушісі Алиакпаровтың өндірісінде Қазақстан Республикасының ҚК 191 б. 2 б. белгілерінің барына сәйкес № 163510546 қылмыстық іс болды. Сотқа дейінгі тергеп-тексерумен аталған қылмыстық құқық бұзушылықты Саран қаласының тұрғындары Романов пен Нургазиннің жасағаны дәлелденді және оларға қатысты Қарағанды қаласының Қазыбек би аудандық сотымен «күзетпен ұстау» түріндегі бұлтартпау шарасы таңдалды. Сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында Нургазин мен Романовтың өз мекен-жайы бойынша дәл аталған қылмысқа ұқсас қылмыстық құқық бұзушылық жасағаны және сол факт бойынша 2016 жылдың 29 тамызда басқа қылмыстық іс бар екені анықталды.

*Қылмыстық іс жүргізуші орган қалай әрекет етуі тиіс?*

*Қылмыстық істерді біріктірудің тәртібі қандай?*

*Қылмыстық істерді біріктіргенде мерзімдер қалай есептеледі?*

*Қылмыстық істерді біріктіру туралы қаулыны құрастырыңыз.*

### **№ 2 есеп**

Қарағанды қаласының ПБ Орталық ПБ ТБ тергеушісі Абиловтың өндірісінде Қазақстан Республикасының ҚК 293 б. 3 б. бойынша айыпталған Хлебодаровқа қатысты № 1435117654 қылмыстық іс болды. Сотқа дейінгі тергеп-тергеу барысында Хлебодаров аталған қылмысты алдын ала сөз байласып топпен жасағанын анықтап, ол топтың ішінде тергеу анықтамаған «Игорь» бар екені белгілі болды. Орталық ПБ КПБ мәліметтеріне сәйкес «Игорьдың» жеке басын және тұрғылықты мекен-жайын анықталмады. Сотқа дейінгі тергеп-тексеру мерзімінің және Хлебодаровтың күзетпен ұстау мерзімінің аяқталуын ескере отырып тергеуші Абилов аталған қылмыстық істі айыптау актімен Қарағанды қаласының Қазыбек би ауданының прокурорына жолдады.

*Тергеушінің әрекеттері дұрыс па?*

*Тергеумен анықталмаған «Игорьға» қатысты қандай процесуалдық шешім қабылдануы тиіс?*

*Қылмыстық істерді бөлектеудің тәртібі қандай?*

*Қылмыстық істерді бөлектеуде мерзімдер қалай есептеледі?*

### **Есеп №3**

Қылмыстық істерді тергеудің заңдылығын тексеру барысында прокурордың орынбасары тергеушіге күдіктілердің біреуін қылмыстық қудалауды тоқтату туралы жазбаша нұсқама берді. Тергеуші осы нұсқаулықты өздігінен берілетін себептерге негізделген деп есептеп, тергеу аяқталғаннан кейін айыптау актісін мақұлдау үшін прокурорға жіберді. Сонымен қатар, ілеспе хатында нұсқаманы орындамағаны туралы себептері көрсетілген.

*Прокурордың орынбасары мен тергеушінің іс-әрекеттерінің заңдылығын бағалау.*

*Алдын ала тергеу барысында прокурордың өкілеттігі*

*Бұл жағдайда прокурор не істеуі керек?*

*Бұл жағдайда тергеуші не істеу керек?*

Жағдаяттық есептерді шешу барысында курсанттарға конституциямен, қылмыстық-процестік кодексімен және басқа да нормативтік-құқықтық актілермен қолдануға болады.

Жағдаяттық есептерді шешу барысында курсанттарға оқытушымен дайындалған тақырып бойынша тестік тапсырмаларды орындау қажет. Сонымен қатар тестік тапсырманың варианты екеуден кем емес, әр варианты 10 сұрақтан болу қажет.

**Негізгі әдебиеттер:** 1,2, 3,8,20,87,156,188.

**Қосымша әдебиеттер:** 33,44,49,51,63,72,75,86,113,139,144,174,179

### **№2 - Тәжірибелік сабағы**

**1 сағат.**

#### **№ 1 есеп**

Қарағанды облысының ПД ТБ аға тергеушісі Н.А. Тургановтың өндірісінде, 25.01.2015 жылы Қазақстан Республикасының ҚК 188 б 1б жасалған қылмыстық құқықбұзушылық ісі болды. Тергеумен қылмыстық құқық бұзушылықты Д.О. Иванов істелгені жайлы дәлелденді. Сонымен қатар тергеумен тағы анықталғаны, Иванов өзінің тұрғылықты жерінде Қазақстан Республикасының ҚК 190 б сәйкес қылмыстық құқықбұзушылық жасағаны туралы анықталды. 18 ақпанда 2015 ж сотқа дейінгі тергеп-тексеру өндірісі басталды.

*Қылмыстық қудалау органның іс әрекеті.*

*Қылмыстық істерді біріктіру тәртібі қандай.*

*Қылмыстық істерді біріктіру кезінде мерзімдерді санау.*

*Қылмыстық істі біріктіру қаулысын құрастырыңыз.*

#### **№ 2 есеп**

Алматы қ ПД ТБ полиция майоры А.Ж. Макенов куә ретінде Ш.М. Шукуровадан жауап алған, оның әріптесі А.Р. Зинченконың пара алу

қылмысы дерегі бойынша. Одан кейін тергеуші оған хаттамамен танысуға рұқсатын берді. Шукуров жауап алу хаттамасымен танысып, ол хаттамаға қолын қоймаймын деп көрсетті, өйткені тергеуші оның берген жауабын дұрыс жазбаған. Тергеуші куәға хаттамада қандай қателіктер жібергенің сұрады. Оған Шукуров, ол тергеушінің әрекетіне прокурорға шағымданатының айтты.

Тергеуші ашуланып: «Сіз бекерге өзінің досыңызға көмек бересіз деп ойлайсыз деп айтты». Хаттама толық және дұрыс толтырылған. Ол сөздерден кейін тергеуші өзінің қорабынан диктофонды алып шығып, куәні жазып алғаны туралы айтты

*Бұл жағдайда қандай процессуалдық қағида бұзылған.*

*Куәнің іс әрекетін оның жауап беруден бас тартты деп санауға болады.*

*Шукурованың жауабын диктофонға жазып алғаның, өзге де құжат деп Қазақстан Республикасының ҚК ІІІ б 2 б сәйкес санауға болады ма.*

### **№3 есеп**

01.06.2018 ж. Қарағанды қаласының ІІБ тергеушісі С.С. Әлиев Н.Тұрымбаевқа қатысты қарақшылық шабуыл фактісі бойынша сотқа дейінгі тергеп тексеру басталды.

Сол күні тергеуші С.С. Әлиев қылмыстық істі электронды форматта тергеу туралы шешім қабылдады және бұл туралы тиісті қаулы шығарып, Н.Н. Турумбаевке және күдікті А.Д. Агисхановқа хабарлады.

02.06.2018 күдікті А.Д. Агисханов және оның адвокаты тергеушімен қылмыстық тергеуді электрондық форматтан қағаз форматына өтуі туралы жазбаша өтініш берді. Себебі, оған және оның адвокатына қолайсыздық туғызады. Сонымен қатар, электрондық цифрлық қолтаңбаны (ЭЦҚ) пайдаланудың аяқталу уақыты жақындағанын хабарлады.

Тергеуші Әлиев Агисхановтың және оның адвокатының өтінішін қарады және оның талаптарын қанағаттандырды және қылмыстық тергеуді электрондық форматта қағаз форматына көшіру туралы қаулы шығарды.

*Жағдайды бағалаңыз*

*Күдікті Агисханов пен оның қорғаушысының талабы заңды ма?*

*Қылмыстық процеске қатысушылардың талаптарын қарау уақыты?*

*Тергеушінің бұл әрекеті дұрыс па?*

Жағдаяттық есептерді шешу барысында курсанттарға конституциямен, қылмыстық-процестік кодексімен және басқа да нормативтік-құқықтық актілермен қолдануға болады.

Жағдаяттық есептерді шешу барысында курсанттарға оқытушымен дайындалған тақырып бойынша тестік тапсырмаларды орындау қажет. Сонымен қатар тестік тапсырманың варианты екеуден кем емес, әр варианты 10 сұрақтан болу қажет.

**Негізгі әдебиеттер:** 1,2, 3,8,20,87,156,188.

**Қосымша әдебиеттер:** 33,44,49,51,63,72,75,86,113,139,144,174,179

**КОӨЖ (аудиторлық )**

**1 сағат**

**Тапсырма:** Дәрістік және семинарлық сабақтардың сұрақтарын оқығанның негізінде қылмыстық процеске сотқа дейінгі тергеп-тексерудің жалпы шарттарының түсінігіне және құқықтық мәртебесіне және де олардың қылмыстық процестік құқығында топтастырылуына қатысты сұрақтарды талқылау керек. Қылмыстық процестің сотқа дейінгі тергеп-тексерудің жалпы шарттарының құқықтық табиғатын бұрындары зерттеген ғалым процессуалистердің еңбектерің оқу керек.

Сабақ барысында курсанттарға келесі сұрақтарды оқуға көңіл бөлулері керек:

1. Қылмыстық қудалауға жәрдемдесушілерге және қылмыстық процестік қатысушыларға қауіпсіздік шаралары.

2. Мемлекеттік құпиялармен байланысты мәліметтерді және басқа да құпиялық мәліметтерді қорғау шаралары.

**Негізгі әдебиеттер:** 1,2, 3,8,20,87,156,188.

**Қосымша әдебиеттер:** 33,44,49,51,63,72,75,86,113,139,144,174,179

**КОӨЖ (аудиторядан тыс)**

**1 сағат**

**Тапсырма:** Дәрістік және семинарлық сабақтардың сұрақтарын оқығанның негізінде қылмыстық процеске сотқа дейінгі тергеп-тексерудің жалпы шарттарының түсінігіне және құқықтық мәртебесіне және де олардың қылмыстық процестік құқығында топтастырылуына қатысты сұрақтарды талқылау керек. Қылмыстық процестің сотқа дейінгі тергеп-тексерудің жалпы шарттарының құқықтық табиғатын бұрындары зерттеген ғалым процессуалистердің еңбектерің оқу керек.

Сабақ барысында курсанттарға келесі сұрақтарды оқуға көңіл бөлулері керек:

1. Қылмыстық іс бойынша қылмыстық процестің қатысушыларымен жолдаған шағымдары.

2. Қылмыстық іс жүргізуші лауазымды тұлғалардың шешілген іс әрекеттеріне шағымдану.

**Негізгі әдебиеттер:** 1,2, 3,8,20,87,156,188.

**Қосымша әдебиеттер:** 33,44,49,51,63,72,75,86,113,139,144,174,179

**КОӨЖ (аудиторлық )**

**1 сағат**

**Тапсырма:** Дәрістік және семинарлық сабақтардың сұрақтарын оқығанның негізінде қылмыстық процеске сотқа дейінгі тергеп-тексерудің жалпы шарттарының түсінігіне және құқықтық мәртебесіне және де олардың қылмыстық процестік құқығында топтастырылуына қатысты сұрақтарды

талқылау керек. Қылмыстық процестің сотқа дейінгі тергеп-тексерудің жалпы шарттарының құқықтық табиғатын бұрындары зерттеген ғалым процессуалистердің еңбектерің оқу керек.

Сабақ барысында курсанттарға келесі сұрақтарды оқуға көңіл бөлулері керек:

1. Қылмыстық сот өндірісінде құпиялықты сақтау.
2. Қылмыстық іс бойынша процестік мерзімдерді өткізіп алу және оны қайта қалпына келтіру.
3. Жоғалған қылмыстық істі қайта орнына келтіру тәртібі.

**Негізгі әдебиеттер:** 1,2, 3,8,20,87,156,188.

**Қосымша әдебиеттер:** 33,44,49,51,63,72,75,86,113,139,144,174,179

## **КӨЖ**

**9 сағат**

Өзіндік жұмыста курсант:

1. Сабақтың тақырыбы бойынша берілген барлық негізгі әдебиеттердің тізімімен оқып, танысулары қажет.
2. Қосымша әдебиеттермен танысулары қажет.
3. Дәрістің конспектілерін дайындаулары керек және төменде келтірілген сұрақтарға қысқаша жауабы бар конспек жазып келулері қажет.

Өзіндік дайындыққа берілетін сұрақтар:

1. Қылмыстық сот өндірісінде шешімдердің формасы?
2. Процестік шешімдерге қандай талап қойылады?
3. Заңдылықпен, негізділіктің, себептің, әділеттіліктің ара қатынастарындағы процестік шешімдер?
4. Процестік шешімдердің санаттарын атаңыз?
5. Процестік шешімдерде басқа да нормалардың құқықтық салалары қолданылады ма?
6. Процестік мерзімдер қалай саналады ?
7. Қандай жағдайда процестік мерзімдер ұзартылады?
8. Қандай қылмыстық істер біріктірілуге тиіс емес?
9. Бөлектенген істер бойынша мерзімдер қалай саналады?
10. Біріктірілген бір неше қылмыстық істер бойынша мерзімдер қалай саналады?
11. Қылмыстық процеске қатысушыларға қауіпсіздік шараларын қолдану кімге жүктеледі?
12. Қылмыстық процеске қатысушыларға қолданатын қауіпсіздік шараларының түрлері?
13. Енсерілмейтін күштің әрекетінің ұғымы?
14. Кім қылмыстық істердің мерзімдерін үзуге құқылы?
15. Қандай жағдайда тоқтата тұрулар істі тоқтатуға болады?
16. Сотта қылмыстық істі ауыр науқасына байланысты тоқтата тұру дегеніміз не?

17. Сотқа дейінгі тергеп-тексеру мерзімдерін ұзу қаулысын бұзу кімнің құзыретінде?

18. Егер де жекеше айыптаушы іс сапарда болған жағдайда, сот қылмыстық істі қарастыру отырысын тоқтатуға құқылы?

19. Құқық көмек көрсету мәселелерімен байланысты жүргізілген процессуалдық іс әрекеттерге не жатады?

20. Үзілген қылмыстық іс бойынша жанарту негіздері?

21. Қай уақыттан бастап қылмыстық іс аяқталды деп саналады?

22. Қылмыстық істі айыптау актісімен жолданған кезде, қылмыстық іс аяқталды деп саналады ма?

23. Қылмыстық іс бойынша үкімді орындау немесе басқа іс бойынша шешімді қабылдау арнайы шаралардың келтірілгенің растау болып не табылады?

24. Қылмысты қудалаушы орган, тұлғадан мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтер жайлы хабарлама беруге талаптар қоя алады ма?

25. Қандай мерзімде тергеушіге немесе анықтаушыға шағым келтіруге болады?

26. Тергеушіге немесе анықтаушыға келіп түскен шағымды қарастыру мерзімі?

27. Тергеу судьясының қаулысына шағымдануға болады?

28. Шешімді орындау мақсатында шағымды беру негізінде тоқтата тұрудың негізі?

#### **Конспектілеу қажет:**

1. 05 шілдедегі 2000 ж №72 Қазақстан Республикасының Заңы «Қылмыстық процеске қатысушылардың мемлекетпен қауіпсіздік шараларын көрсету» (11.07.2017 ж. өзг. мен толық. енгізілген).

2. Жоғарғы соттың нормативтік қаулысы 15.08.2002 ж №19. «Сот үкім туралы» (25.06.2010 ж. өзг. мен толық. енгізілген).

3. Қазақстан Республикасының ПМ № 824 27.11.2001 жылғы бұйрығы. «ҚР ПМ органдары мен бөліністерінің қылмыстық процеске қатысушыларды қорғау бойынша шығындарды іске асыру тәртібі туралы Нұсқаулық».

**Негізгі әдебиеттер:** 1,2, 3,8,20,87,156,188.

**Қосымша әдебиеттер:** 33,44,49,51,63,72,75,86,113,139,144,174,179

#### **№ 6- тақырып. Қылмыстық процескегі мүліктік мәселелер.**

**№1-семинар сабағы**

**1 сағат.**

#### **Сұрақтары:**

1. Қылмыстық процеске мүліктік құқықтық қатынастардың туының шарттары.

2. Қылмыстық процеске қаралатын азаматтық талаптың түсінігі, маңыздылығы.

**Тапсырма:** Жоғарыда көрсетілген семинар сабағы сұрақтарының жауаптарына жазбаша және ауызша нысанда дайындалу керек. Осы тақырып бойынша қажетті Қазақстан Республикасының Конституциясының, ҚПК-нің және басқа да нормативтік-құқықтық актілердің, «Қазақстан Республикасының қылмыстық процестік құқығы» курсы бойынша оқу құралдарының, монографиялардың сәйкестендірілген бөлімдеріне конспект жазу керек. Сонымен қатар дәріс және семинарлық сабақтардың конспектілерін жазып келу керек.

**Негізгі әдебиеттер:** 1, 2, 3,8,20,87,156,188,189.191.

**Қосымша әдебиеттер:** 11,15,20,21,27,38,82,127,156,173,205

### **№2-семинар сабағы**

**1 сағат.**

#### **Сұрақтары**

1. Қылмыстық процесте мүліктік мәселелердің орындалуын түсінігі және түрлері.
2. Азаматтық талапкердің өтініші бойынша қабылданатын шешімдерінің түрлері.

**Тапсырма:** Жоғарыда көрсетілген семинар сабағы сұрақтарының жауаптарына жазбаша және ауызша нысанда дайындалу керек. Осы тақырып бойынша қажетті Қазақстан Республикасының Конституциясының, ҚПК-нің және басқа да нормативтік-құқықтық актілердің, «Қазақстан Республикасының қылмыстық процестік құқығы» курсы бойынша оқу құралдарының, монографиялардың сәйкестендірілген бөлімдеріне конспект жазу керек. Сонымен қатар дәріс және семинарлық сабақтардың конспектілерін жазып келу керек.

**Негізгі әдебиеттер:** 1, 2, 3,8,20,87,156,188,189.191.

**Қосымша әдебиеттер:** 11,15,20,21,27,38,82,127,156,

### **№3 семинар сабағы**

**1 сағат.**

#### **Сұрақтары:**

1. Қорғаушыға заң көмегін көрсеткені үшін сый ақы төлеу.
2. Процестік шығындар: куәгерге, жәбірленушіге және оның өкілдеріне, айғаққа, аудармашыға, маманға, сарапшыға келтірілген шығындардың орнын толтырудың көлемі, құрылымы және түсінігі.

**Тапсырма:** Жоғарыда көрсетілген семинар сабағы сұрақтарының жауаптарына жазбаша және ауызша нысанда дайындалу керек. Осы тақырып бойынша қажетті Қазақстан Республикасының Конституциясының, ҚПК-нің және басқа да нормативтік-құқықтық актілердің, «Қазақстан Республикасының қылмыстық процестік құқығы» курсы бойынша оқу

құралдарының, монографиялардың сәйкестендірілген бөлімдеріне конспект жазу керек. Сонымен қатар дәріс және семинарлық сабақтардың конспектілерін жазып келу керек.

**Негізгі әдебиеттер:** 1, 2, 3,8,20,87,156,188,189.191.

**Қосымша әдебиеттер:** 11,15,20,21,27,38,82,127,156,173,205

### **Тәжірибелік сабақтар**

#### **№1 –Тәжірибелік**

**1 сағат**

**Тапсырма:** Дәрістік және семинарлық сабақтардың сұрақтарын оқығанның негізінде қылмыстық процесте мүліктік мәселелер түсінігіне, түрлеріне және құқықтық мәртебесіне және де олардың қылмыстық процестік құқығында топтастырылуына қатысты сұрақтарды талқылау керек. Қылмыстық процестің мүліктік мәселелер құқықтық табиғатын бұрындары зерттеген ғалым процессуалистердің еңбектерің оқу керек.

#### **№ 1 есеп**

Азамат Петрухин мас күйінде Қарағанды қаласының 23 шағым ауданының № 24 үйдің жанында бола тұра үнемі сөзге келіп ұрысатын көршісі Борисовтың «Ауди 100» маркалы автокөлігін көреді. Кейіннен Петрухин өз автокөлігіндегі канистраны алып Борисовтың автокөлігіне жанармайды құйып жандырып жіберді, нәтижесінде Борисовке 800.000 (сегіз жүз мың) тенге көлемінде материалдық зиян тиді.

Аталған факт бойынша тергеуші Никифоров Қазақстан Республикасының ҚК 202 б. 2 б.1 тармағы көзделген қылмыстық құқық бұзушылық белгілерін анықтап, сотқа дейінгі тергеп-тексеру бастауға кірісті.

Іс бойынша іс жүргізу барысында тергеуші мүмкін жазылған азаматтық талапты қамтамасыз ету үшін аз. Петрухиннің мүлкіне (пәтері мен автокөлігі) тыйым салды. Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді аяқтап тергеуші іс материалдарымен танысу үшін Борисов пен Петрухинді шақыртты. Тергеушіге келіп жәбірленуші Борисов тергеушіге қылмыстық істерді тоқтату туралы жазбаша арызын ұсынды, себебі Петрухин оған барлық материалдық зиянды өтеген. Алайда тергеуші Борисовке осы сатыда қылмыстық істің тоқтатылмайтын айтып, оған азаматтық талап жаздыртты. Ал кейіннен істі сотқа жіберді.

*Тергеуші шешімінің дұрыстығын анықтаңыз.*

*Қандай жағдайда тұлға талап арызбен келеді?*

*Азаматтық талаптың мөлшері қалай есептеледі?*

*Аталған жағдайда тергеуші мүлікке тыйым сала алады ма?*

#### **№ 2 есеп**

Ақша қаражаттарын ұрлау фактісі бойынша (10.000 АҚШ доллары, 1.000.000 тенге) қылмыстық істі сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында жәбірленуші Рябухин оған жалпы көлемде 2.500.000 (екі миллион бес жүз



мың) тенге көлемінде материалдық зиян келгенін мәлісмеді. Жедел-ізвестіру шараларын жүргізу нәтижесінде аз.Тураев ұсталды, ол өз кінәсін мойындағанын және аталған соманы өз жеке қажеттіліктеріне жұмсағанын айтты.

Тураевқа қатысты қылмыстық іс Қазақстан Республикасының ҚПК 300 б. сәйкес айыптау актімен қоса прокурорға жолданды.

Істі алдын ала тыңдау барысында азаматтық талапкер болып табылатын жәбірленуші Рябухин іс материалдарындағы азаматтық талаптағы материалдық зиян сомасы келтірілген зиянға сәйкес келмейді, себебі алдын ала тергеу барысында АҚШ долларының курсының өскенін және талап арызды қайта есептеу қажеттігін мәлісмеді.

Сот талапкердің айтқанын негізді деп есептеп жәбірленушінің өтінішін қанағаттандыру туралы қаулы шығарып, істі прокурорға жіберді.

*Алдын ала тыңдауды өткізуді шешу барысында сот азаматтық талап сомасын өзгертуге құқылы ма?*

*Қылмыстық іске қандай құжаттарды тіркеу қажет?*

*Азаматтық талап сомасын есептеу тәртібі қандай?*

*Соттың әрекеттері заңды ма?*

### **№ 3 есеп**

Аз. Егоров өзіне тиесілі автокөлігімен Беловпен сыбайласып АҚ «Бикен» қоймасына келеді. Сол қоймадан екеуі ұрлық жасап, сол қылмыс үстінде полиция қызметкерлерімен ұсталынады.

Егоров пен Белов жасалған қылмыс үшін 7 жылға бас бостандықтарынан айырылады. Бір уақытта сот өзінің үкімімен Егоровқа тиесілі автокөлігін тәркілеп алады, өйткені автокөлік қылмыс құралы болып табылады.

*Соттың шешімі заңды ма.*

*Қылмыс құралының түрлерін атаңыз.*

*Автокөлік заттай дәлелдемеге жатады ма.*

*Қалай қылмыстық процестік заңы заттай дәлелдеменің тағдырын шешеді.*

### **№ 4 есеп**

Психикалық ауытқумен ауратын аз. Аманов өз еркімен емделіп жатқан психиатриялық емханадан кетіп қалады. Сонымен қатар ол Жакыповқа қатысты маркасы Фольксваген Гольф автокөлігін мемлекеттік нөмірі М 132 СУМ ұрлау мақсатынсыз алып кетеді. Жолда Аманов автокөліктің жүру ережесін бұза жол жүргінші Мекенова мен Рустемованы қағып кеткен. Сол жол апатынан оларға ауыр дене жарақаттарын тигізген. Жол апаты кезінде Аманов темір столбыға соғылып өзіне де ауыр дене жарақатын тигізген. Автокөлік жөндеуге келмейді.

*Тергеуші бұл жағдайда сотқа дейінгі тергеп-тексеруді бастау керек пе, әлде істі тоқтату керек пе.*

*Сот психиатриялық сараптамасын жүргізуге міндетті ма.*

*Қылмысты жасау кезінде есі дұрыс емес болғандығын кім анықтайды.  
Бұл жағдай бойынша азаматтық талап арызы беріледі ме. Егер берілсе он кім азаматтық талапкер және кім азаматтық жауапкер ретінде танылады.*

Жағдаяттық есептерді шешу барысында курсанттарға оқытушымен дайындалған тақырып бойынша тестік тапсырмаларды орындау қажет. Сонымен қатар тестік тапсырманың варианты екеуден кем емес, әр варианты оң сұрақтан болу қажет.

**Негізгі әдебиеттер:** 1, 2, 3,8,20,87,156,188,189.191.

**Қосымша әдебиеттер:** 11,15,20,21,27,38,82,127,156,173,205

**КОӨЖ (аудиторлық )**

**1 сағат**

**Тапсырма:** Дәрістік және семинарлық сабақтардың сұрақтарын оқығанның негізінде қылмыстық процесте мүліктік қатынас мәселелер түсінігіне, түрлеріне және құқықтық мәртебесіне және де олардың қылмыстық процестік құқығында топтастырылуына қатысты сұрақтарды талқылау керек. Қылмыстық процесте мүліктік қатынастар мәселелері туралы бұрындары зерттеген ғалым процессуалистердің еңбектерің оқу керек.

Сабақ барысында курсанттарға азаматтық талап арызын құрастыру керек.

**Негізгі әдебиеттер:** 1,2, 3,8,20,87,156,188.

**Қосымша әдебиеттер:** 33,44,49,51,63,72,75,86,113,139,144,174,179

**КОӨЖ (аудиториядан тыс)**

**1 сағат**

**Тапсырма:** Дәрістік және семинарлық сабақтардың сұрақтарын оқығанның негізінде қылмыстық процесте мүліктік мәселелер түсінігіне, түрлеріне және құқықтық мәртебесіне және де олардың қылмыстық процестік құқығында топтастырылуына қатысты сұрақтарды талқылау керек. Қылмыстық процесте мүліктік қатынастар мәселелері туралы бұрындары зерттеген ғалым процессуалистердің еңбектерің оқу керек.

Сабақ барысында курсанттарға азаматтық талапкер тану туралы қаулы құрастыру керек.

**Негізгі әдебиеттер:** 1,2, 3,8,20,87,156,188.

**Қосымша әдебиеттер:** 33,44,49,51,63,72,75,86,113,139,144,174,179

**КӨЖ**

**6 сағат**

Өзіндік жұмыста курсант:

1. Сабақтың тақырыбы бойынша берілген барлық негізгі әдебиеттердің тізімімен оқып, танысулары қажет.
2. Қосымша әдебиеттермен танысулары қажет.
3. Дәрістің конспектілерін дайындаулары керек және төменде келтірілген сұрақтарға қысқаша жауабы бар конспек жазып келулері қажет.

Өзіндік дайындыққа берілетін сұрақтар:

1. Қандай жағдайда азаматтық талап қылмыстық іспен бірге қарастырылады?
2. Тұлғаны азаматтық талапкер деп танудан бас тартуға болады ма?
3. Азаматтық талапкер ұсынылған азаматтық талабынан бас тарта алады ма?
4. Қылмыстық процесте азаматтық талапты қарастыру ерекшеліктері?
5. Қылмыстық сот отырысында азаматтық талапкердің өтінішін орындауға қалай қамтамасыз етеді?
6. Азаматтық талапты қанағаттандырудан бас тартылады ма ?
7. Мүлікке тыйым салуды кім шешеді?
8. Қылмыстық іспен келтірілген шығындарды өтеуге кім құқылы?
9. Қылмыстық процеске қатысушыларға келтірілген шығын қалай өтеледі?
10. Процестік шығындардың түсінігі, оларды талап ету тәртібі?
11. Қандай соммалар процестік шығындарға жатады?
12. Процестік шығындар кімге қатысты жүктелі мүмкін?
13. Процестік шығындар жеке айыптаудан талап етіледі ме ?
14. Қандай жағдайда процестік шығындар мемлекет тарапына алынады?

#### **Конспектілеу қажет:**

1. 24.04.1992 ж № 2 Қазақстан Республикасының Жоғарғы сотының қаулысы. «Қылмыстан зардап шеккен жәбірленушілердің құқықтары мен міндеттерін рәсімдейтін заңнамаларды қолдану туралы» (22.12.2008 ж. өзг. мен толық. енгізілген).
2. Қылмыстық іс бойынша азаматтық талапты қарау туралы Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының 2005 ж. 20 маусымда қабылданған № 1 нормативтік қаулысы» (20.04.2018 ж. өзг. мен толық. енгізілген).
3. «Сотқа, прокуратураға, алдын ала тергеу және анықтау органдарына шақыруға келген тұлғалардың жол ақыларын төлеу тәртібі туралы нұсқау», Қазақстан Республикасының Министрлар Кабинетінің қаулыларымен бекітілген 25 ақпан 1992 ж. № 152 » (30.11.1998 ж. өзг. мен толық. енгізілген).
4. 29.12.2015 ж №1110 бұйрығы Қазақстан Республикасының үкіметі «Адвокаттардың құқықтық көмек көрсеткендері үшін республиканың бюджетінен өтілетін шығындар».

## № 7- тақырып.

### Қылмыстық процестік мәжбүрлеу шаралары.

дәріс сабағы

1 сағат.

#### Жоспар:

1. Қылмыстық процестік мәжбүрлеудің түсінігі, жүйесі және мәні.
2. Қазақстан Республикасының қылмыстық процестік заңымен реттелгенде процестік мәжбүрлеу шараларының жүйесі.

#### Дәріс тезисы

Процестік мәжбүрлеу шаралары дегеніміз қылмыстық процестік тапсырмалары мен мақсаттарына кедергісіз жетуге қажетті жағдайды қамтамасыз етуге бағытталған, қылмыстық іс-жүргізу заң нормаларымен бекітілген, іс-жүргізулік реттеудің түрі болып табылады

Мәжбүрлеу шаралары жүйесінің белгілері

- Тек қылмыстық процестік аясында қолданылады;
- Тұлғаның белгілі бір құқықтары мен қызығушылықтарын шектейді;
- Қылмыстық процесте қатысушыларға қатысты мәжбүрлеу әрекеттері түрінде көрініс табады;

- Тұлғаның конституциялық құқықтары мен бостандықтарын шектеу қолданыстағы қылмыстық процестік заңнамасымен регламенттелген.

Заңдылық және негізділік міндетті талап болып табылады

- Мәжбүрлеу шаралары түрлерінің нормативтік түсініктерінде;
- Іс-жүргізулік мәжбүрлеу шараларын қолдану құқығы арнайы берілген субъектілер түсінігінде;

- Мәжбүрлеу шараларының белгілі бір түрлері қолданылатын тұлғарды көрсекенде;

- Қылмыстық процестік мәжбүрлеу шараларын қолдануды бекіткенде (қолданудың негізі, шарты және тәртібі).

Қылмыстық процестік мәжбүрлеу шаралары төрт топқа бөлінеді

- Күдіктіні ұстау (17 тарау)

- Жеткізу 129 б

- Бұлтартпау шаралары (18 тарау)

- Іс жүргізушілік мәжбүрлеудің өзге де процестік шаралары (19 бөлім)

**Негізгі әдебиеттер:** 1, 2, 3, 10, 12, 13, 87, 173, 188.

**Қосымша әдебиеттер:** 11, 15, 19, 20, 21, 27, 36, 37, 76, 83, 97, 101, 104.

#### №1-семинар сабағы

1 сағат

#### Сұрақтары:

1. Адамды жеткізу мәжбүрлеу шарасы ретінде.
2. Күдіктіні ұстап алу: түсінігі, негіздері, процестік тәртібі және мерзімдері.

3. Ұстап алған адамды жеке тінту. Қылмыстық құқық бұзушылық жасады деген күдік (айыптау) бойынша ұстап алынған адамды босату негіздері

**Тапсырма:** Жоғарыда көрсетілген семинар сабағы сұрақтарының жауаптарына жазбаша және ауызша нысанда дайындалу керек. Осы тақырып бойынша қажетті Қазақстан Республикасының Конституциясының, ҚПК-нің және басқа да нормативтік-құқықтық актілердің, «Қазақстан Республикасының қылмыстық процестік құқығы» курсы бойынша оқу құралдарының, монографиялардың сәйкестендірілген бөлімдеріне конспект жазу керек. Сонымен қатар дәріс және семинарлық сабақтардың конспектiлерiн жазып келу керек.

**Негізгі әдебиеттер:** 1, 2, 3, 10, 12, 13, 87, 173, 188.

**Қосымша әдебиеттер:** 11, 15, 19, 20, 21, 27, 36, 37, 76, 83, 97, 101, 104.

#### **№2-семинар сабағы**

**1 сағат**

##### **Сұрақтары:**

1. Күзетпен ұстау: шарттары, негіздері, мерзімдері және күзетпен ұстаудың процестік тәртібі оның санкциялау.
2. Ұйқам: негіздері бұлтартпау шарасын қолдану процестік тәртібі.
3. Қылмыстық сот ісін жүргізуде кепіл бұлтартпау шарасы ретінде.

**Тапсырма:** Жоғарыда көрсетілген семинар сабағы сұрақтарының жауаптарына жазбаша және ауызша нысанда дайындалу керек. Осы тақырып бойынша қажетті Қазақстан Республикасының Конституциясының, ҚПК-нің және басқа да нормативтік-құқықтық актілердің, «Қазақстан Республикасының қылмыстық процестік құқығы» курсы бойынша оқу құралдарының, монографиялардың сәйкестендірілген бөлімдеріне конспект жазу керек.

Сонымен қатар дәріс және семинарлық сабақтардың конспектiлерiн жазып келу керек.

**Негізгі әдебиеттер:** 1, 2, 3, 10, 12, 13, 87, 173, 188.

**Қосымша әдебиеттер:** 11, 15, 19, 20, 21, 27, 36, 37, 76, 83, 97, 101, 104.

#### **Тәжірибелік сабақтар**

##### **№1-Тәжірибелік**

**1 сағат**

**Тапсырма:** Дәрістік және семинарлық сабақтардың сұрақтарын оқығанның негізінде қылмыстық процесте мәжбүрлеу шаралар түсінігіне, түрлеріне және құқықтық мәртебесіне және де олардың қылмыстық процестік құқығында топтастырылуына қатысты сұрақтарды талқылау керек. Қылмыстық процесте мәжбүрлеу шараларын қолдану мәселелері туралы бұрындары зерттеген ғалым процессуалистердің еңбектерің оқу керек.

### **№ 1 есеп**

Кәмелетке толмаған Елеев қорықта ұстап алынған болатын. Оны ұстап алу барысында өзімен бірге ол екі атып алынған құс болды. Қорық жұмыскері және учаскелік инспектор Елеевты қорықтың ішіндегі жұмыскердің бөлмесіне әкеліп қамақ тастаған. Содан келесі күні олар Елеевты ұстап алғандары жайлы тергеу судьясына хабарлаған.

*Жағдайды бағалаңыз.*

*Кәмелетке толмағанды қандай мерзімге ұстап алуға болады?*

*Бұл жағдайда тергеу судьясының шешім?*

*Жеке тұлғанын тиіспеушілік қағидатының процесстік кепілі?*

*Қандай құқықтық актілерде жеке тұлғанын тиіспеушілігі көрсетілген?*

*Кәмелетке толмағандарға қатысты жеке тұлғаны тиіспеушілік кепілінің ерекшеліктері қандай?*

*Ұстап алу хаттамасын толтырыңыз.*

### **№ 2 есеп**

Қазақстан Республикасының ҚК 99 бабы 1 бөлімі бойынша қылмыстық құқық бұзышылық жасаған үшін Қазақстан Республикасының ҚПК 128 б сәйкес азамат Е.А. Мельникова ұстап алынған. Бұған қатысты ұстап алу кезіндегі жеке тінтуді жедел кезекшілік бөлімінің полиция майоры С.А. Дашкин жүргізген. Куәгер ретінде әкімшілік ұсталынғандар П.П. Баженова және С.Б. и Ляхова қатысқан. Жеке тінту жүргізер алдында Дашкин Мельниковаға жеке тінтуді бір жынысты әйел өткізу керек екенің айтты, бірақ түнгі уақытта әйел жынысты адам жоқ болғандықтан, және Мельникова оған қарсы емес екенің білдіріп, тінтуді Дашкин өзі өткізген. Хаттама толтырғанда Дашкин тінтуді Мельникованың келісімен өзі жүргізгендігі туралы жазды.

*Кезекші бөлімінің қызметкеріне база беріңіз.*

*Е. А. Мельниковты қандай мерзімге ұстап алуға болады?*

*Жеке тінтуді жүргізу тәртібі қандай?*

*Қылмыстық процесстік заңның қай талаптарына сәйкес куәгерлер қатысу керек?*

*Бұл бойынша дұрыс шешім қабылдаңыз.*

### **№ 3 есеп**

19.05.2015 жылы Н ауданының тергеушісі Р.Т. Бокаев өзінің өндірісіне Л. Лемехованың пәтерінен жеке мүлкін ұрлау дерегі бойынша қылмыстық істі алған. Келесі күні жедел уәкілмен Солодов ұстап алынған. Содан Солодовты тергеуші Р.Т. Бокаевқа жеткізген. Тергеуші ауызша сөйлесу барысында Лемехов ұрлау дерегін мойындаған. Содан Солодовтан күдікті ретінде жауап алынды. Солодов өзінің шағымымен оған қорғаушының көмегі керек екенің айтты. Бірақ тергеуші оның шағымына қорғаушы адамды ұстап алғаннан бастап тағайындалады деп жауап берген.

*Қай уақыттан бастап күдікті деп танылады?*

*Тергеушінің шешімі дұрыс па?*

*Қай уақыттан бастап қорғаушы тағайындалады және тергеушінің Солодовтың шағымын бас тартқаны дұрыс па?*

#### **№ 4 есеп**

Күдікті И.Б. Телегин соттан немесе тергеуден қашып кетеді немесе жалтарады деген негіздермен, материалдық және социалдық жағдайына байланысты, сонымен қатар тергеуші Қазақстан Республикасының ҚПК 136 б, 145 б басшылыққа ала отырып бұлтартпау шарасы ретінде кепілді қолданды. Кепіл мөлшері 40 000 тенгені құрап оны күдіктіге хабарлады.

Күдікті И.Б. Телегин қолданылған бұлтартпау шарасына келісім беріп, сол сомманы тергеушіге жолдады. Тергеуші ақшаның нөмірлерін жазып алып іске тіркеген сияқты болды. Содан тергеуші күдіктіге егер де ол соттан немесе тергеуден жалтаратын болса, бұл ақша құны оның іздестіруіне салынады деп түсіндірілді.

*Жағдайды бағалаңыз.*

*Тергеушінің шешімі дұрыс па?*

*Қай уақыттан бастап қорғаушы тағайындалады және тергеушінің Солодовтың шағымын бас тартқаны дұрыс па?*

Жағдаяттық есептерді шешу барысында курсанттарға оқытушымен дайындалған тақырып бойынша тестік тапсырмаларды орындау қажет. Сонымен қатар тестік тапсырманың варианты екеуден кем емес, әр варианта оң сұрақтан болу қажет.

**Негізгі әдебиеттер:** 1,2, 3,10,12,13,87,173,188.

**Қосымша әдебиеттер:** 11,15,19,20,21,27,36,37,76,83,97,101,104.

**КОӨЖ (аудиторлық )**

**1 сағат**

**Тапсырма:** Дәрістік және семинарлық сабақтардың сұрақтарын оқығанның негізінде қылмыстық процесте мәжбүрлеу шаралары түсінігіне, түрлеріне және құқықтық мәртебесіне және де олардың қылмыстық процестік құқығында топтастырылуына қатысты сұрақтарды талқылау керек. Қылмыстық процесте мәжбүрлеу шараларын қолдану мәселелері туралы бұрындары зерттеген ғалым процессуалистердің еңбектері оқу керек.

Сабақ барысында курсанттарға келесі сұрақтарды оқуға көңіл бөлулері керек:

1. Жеткізу: түсінігі, негіздері және процестік тәртібі.
2. Бұлтартпау шараларының түсінігі, түрлері және негізі.
3. Күдіктінің іс әрекетін саралау қаулысын шығарғанға дейін қолданатын бұлтартпау шарасы.

**Негізгі әдебиеттер:** 1,2, 3,10,12,13,87,173,188.

**Қосымша әдебиеттер:** 11,15,19,20,21,27,36,37,76,83,97,101,104.

## **КОӨЖ (аудиториядан тыс )**

**1 сағат**

**Тапсырма:** Дәрістік және семинарлық сабақтардың сұрақтарын оқығанның негізінде қылмыстық процесте мәжбүрлеу шаралары түсінігіне, түрлеріне және құқықтық мәртебесіне және де олардың қылмыстық процестік құқығында топтастырылуына қатысты сұрақтарды талқылау керек. Қылмыстық процесте мәжбүрлеу шараларын қолдану мәселелері туралы бұрындары зерттеген ғалым процессуалистердің еңбектерің оқу керек.

Сабақ барысында курсанттарға келесі сұрақтарды оқуға көңіл бөлулері керек:

1. Сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында қолданылатын өзге де процестік мәжбүрлеу шараларының түсінігі және түрлері
2. Мүлікке тыйым салудың негіздері және тәртібі.
3. Жақындауға тыйым салу негіздері мен тәртібі.

**Негізгі әдебиеттер:** 1,2, 3,10,12,13,87,173,188.

**Қосымша әдебиеттер:** 11,15,19,20,21,27,36,37,76,83,97,101,104.

## **КӨЖ**

**6 сағат**

Өзіндік жұмыста курсант:

1. Сабақтың тақырыбы бойынша берілген барлық негізгі әдебиеттердің тізімімен оқып, танысулары қажет.
2. Қосымша әдебиеттермен танысулары қажет.
3. Дәрістің конспектілерін дайындаулары керек және төменде келтірілген сұрақтарға қысқаша жауабы бар конспек жазып келулері қажет.

### **Өзіндік дайындыққа берілетін сұрақтар:**

1. Қылмыстық құқық бұзушылық жасаған күдіктіні және кәмелетке толмағандарды ұстап алудың мерзімі?
2. Қылмыстық құқық бұзушылық жасаған күдіктіні ұстап алу негіздері?
3. Қылмыстық құқық бұзушылық жасаған күдіктіні ұстап алу мерзімі?
4. Күдіктіні ұстап алу уақытының өтуіне байланысты УҰИ бастығының әрекеті қандай?
5. Қылмыстық құқық бұзушылық жасаған күдіктінің кімге хабарлау керек?
6. Ұстап алынған адамның жеке басын тінту кезінде күәгерлер міндетті түрде қатысама?
7. Жеткізу қанша мерзімге қолданылады?
8. Жеткізу процестік мәжбүрлеу шарасы қолданылған кезде қандай құжат жеткізілген адамға беру қажет?
9. Қазақстан Республикасының ҚПК жеке бостандығынан айырумен байланысты емес қандай бұлтартпау шаралары көзделген?
10. Бұлтартпау шараларының қатаңдығы бойынша реті қандай?



11. Күдіктіге бұлтартпау шараларын қолдану тәртібінің ерекшеліктері қандай?
12. Қылмыстық қудалаудан артылықшылықтары мен иммунитеті бар адамдарға бұлтартпау шараларын таңдау ерекшеліктері қандай?
13. Күдіктіні немесе айыпталушыны қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес бұлтартпау шараларын қолдану тәртібінің ерекшеліктері қандай?
14. Жеке кепілгерлік пен кепілдің айырмашылығы қандай? Оларды қолдану кезінде қандай жағдайлар ескерілуі керек?
15. Ұйқамқты қолданудың мақсаты мен ерекшеліктері қандай?
16. Ұйқамқты қолдану кезінде қандай жағдайларға назар аудару қажет?
17. Қазақстан Республикасының ҚПК қарастырылған жеке бостандығын шектеумен байланысты емес қандай бұлтартпау шараларын білесіндер?
18. Қаталдығының дәрежесі бойынша бұлтартпау шараларың қолданудың тәртібі?
19. Күдіктіге бұлтартпау шараларың қолданудың тәртібінің ерекшеліктері ?
20. Қылмыстық қудалаудан артылықшылықтары мен иммунитеті бар адамдарға бұлтартпау шараларын таңдау ерекшеліктері қандай?
21. Күдіктіні немесе айыпталушыны қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес бұлтартпау шараларын қолдану тәртібінің ерекшеліктері қандай?
22. Жеке кепілгерлік пен кепілдің айырмашылығы қандай? Оларды қолдану кезінде қандай жағдайлар ескерілуі керек?
23. Ұйқамқты қолдану кезінде қандай жағдайларға назар аудару керек?
24. Күзетпен ұстаудың қылмыстық-құқықтық негізі ұғымына не кіреді?
25. Күзетпен ұстауға алынғандардың туыстарымен кездесуінің және хат алмасуының тәртібі қандай?
26. Күзетпен ұстаудың қылмыстық-құқықтық негіздері мен шарттарын атаңыз.
27. Күзетпен ұстау бұлтартпау шарасын таңдағанда қандай жағдайлар ескерілуі керек?
28. Күзетпен ұстау мен ұйқамқты қолданудың процестік механизмінің айырмашылығы қандай?
29. Қазақстан Республикасының ҚПК 147-бабының тәртібімен күзетпен ұстауды қолданудың ерекшеліктерін атаңыз.
30. Бұлтартпау шараларын қолданғанда ведомстволық қадағалаудың ұғымы.
31. Қазақстан Республикасының ҚПК көзделген бұлтартпау шараларының тізімі жеткілікті болып табылады ма?
32. Бұлтартпау шараларын қолдану негіздерін, мақсаттарын және шарттарын атаңыз?
33. Айыпталушыға (күдіктіге) қатысты бұлтартпау шарасын қолдану міндетті ме?

34. Күдіктіге бұлтартпау шарасын қолданудың ерекше негіздері мен тәртібін атаңыз?

35. Бұлтартпау шарасын тандағандай қандай жағдайлар ескерілуі керек?

36. Қандай жағдайларда адамды қылмыстық құқық бұзушылықты жасағанына күдік тудырғанына қатысты 42 сағаттан астам ұстауға болады, ал қандай кездерде кәмелетке толмағандарды 24 сағаттан астам ұстауға болады?

37. Бұлтартпау шараларын санкциялау тәртібі.?

38. Өзгеде мәжбүрлеу шараларын санкциялау тәртібі.?

39. Күзетпен ұстаудың және ұйқамақты санкциялаудың тәртібінің басқа бұлтартпау шаралары мен өзге де мәжбүрлеу шараларынан айырмашылығы?

40. Мүлікті иелік етуді уақытша шектеу бойынша шешім қабылдаудың түсінігі, тәртібі және мерзімдері?

41. Мүлікке тыйым салу кезіндегі тергеушінің әрекеті?

42. Уақытша лауазымнан шектеуді, жақындауға тыйым салуды тергеу судьясымен санкциялауды қараудың мерзімдері?

### **Конспектілеу қажет:**

1. «Адамдарды қоғамнан уақытша оқшалауды қамтамасыз ететін арнаулы мекемелерде ұстау тәртібі мен шарттары туралы» Қазақстан Республикасының Заңы, 1999 ж. 30 наурыз (өзг. мен толық. 10.01.2015 ж.)

**Негізгі әдебиеттер:** 1,2, 3,10,12,13,87,173,188.

**Қосымша әдебиеттер:** 11,15,19,20,21,27,36,37,76,83,97,101,104.

## **2.10. ПӘНДІ ОҚЫТУ БОЙЫНША ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМ**

### **2.10. Пәнді оқыту бойынша әдістемелік ұсыным**

Қылмыстық процесс - барлық болашақ заңгерлер үшін оқытылатын пән. Қылмыстық процестік құқық қазақстандық құқықтың қажетті салаларының бірі ретінде міндетті оқытылады. Бұл кең және күрделі құқық саласы. Ол соттардың әділ үкім шығаруын және қылмыстық заңды дұрыс қолдануды қамтамасыз етеді, қылмыстың жылдам және толық ашылуына, қылмыстық іс жүргізуде қылмыстық жауапқа тартылатын, қылмыс жасаған тұлғалардың әділ жазасын алуға кепілдік береді.

Қылмыстық процестік құқық курсы салалық; арнайы және маңызды оқу пәні болып саналдады, сол себепті ішкі істер министрлігінің жоғарғы және орта оқу орындарында міндетті түрде оқылынады, себебі аталған оқу орындары практикаға алдын ала тергеу жүргізу үшін тергеушілер мен анықтаушылар және жедел іздестіру қызметін жүзеге асыратын мамандар дайындайды.

Қылмыстық процестік курсы курсанттардың білімді толық игеріп, кәсіптік іскерлігін жоғарғы дәрежеде қолдануға үйретеді. Олардың білімдерін шындай түсуге және ылғи жаңартып отыруына ықпал жасайды,

заң саласындағы болашақ мамандарды жаңа заманның және демократиялық құқықтық мемлекеттің мүддесін қорғауға тәрбиелейді.

Пәнді оқудың міндеттері:

а) қылмыстық процесс теориясының ережелерін, қылмыстық сот өндірісі аумағында алдын ала тергеу, прокуратура және сот органдары қызметінің маңызын білуде;

б) анықтама және тергеу органдарының қызметінде болып тұратын жағдайларда қылмыстық-процестік нормаларды қолдану іскерлігі және әдетін курсанттарға қалыптастыру;

в) қылмыстық істі тергеу және процестік құжаттарды құру барысында дәлелді шешімдер қабылдау іскерлігін үйрету;

г) қылмысқа қарсы күресті жүзеге асыруда курсанттарға заңдылықты қатал сақтау қажеттілігінің сенімін, мемлекет, қоғам және Қазақстан Республикасы азаматтарының алдындағы борышы мен жауапкершілік сезімін қалыптастыру.

Курсанттар келешекте кәсіпкер заңгер болуы үшін мынандай талаптарға сәйкес болуы керек:

1) қылмыстық процесс теорияларын толық меңгеріп алдын-ала тергеу прокуратура және сот органдарының қылмыстық іс жүргізудегі міндетін толық білу және басқа да заңдардың, нормативтік актілерін толық меңгеру;

2) қызмет бабында алдын-ала тергеу және жедел іздестіру жұмыстарында кездесетін кейбір ерекше жағдайларды, өздері игерген жоғарғы деңгейдегі білімдердің негізінде, дұрыс шешу;

3) өзі игерген білім мен тәжірибе негізінде процестік құжаттарды алдын-ала тергеу және анықтама жүргізуде дұрыс жасау.

Оқу материалдарын ойдағыдай игеру үшін сабақ жүргізуге арналған жоспар курсанттарға мынандай талаптар қояды:

Өз бетімен білімін толықтыру әдістемелерін ұғымды пайдалана білу және кәсіптік ақпараттарды өз бетімен іздестіріп, өңдеп және игере білу. Шығармашылық жұмыстарды ғылыми ұйымдастыру әдістерін ұғымды пайдаланып, жариялықпен демократияландыру процесінің дамуына орай, заңдарға өзгертулер мен толықтыруларды, ішкі істер органдарындағы өнегелі тәжірибелерін еске ала отырып, өз бетімен жұмысын бағдарлап және соған сәйкес қайта құра білу.

Қылмыстық істер жүргізуді оқып үйренуде, бүкіл оқу курсының мазмұны мен идеалық мән-мағнасын түсіндіріп беретін, негізгі де жетекші роль атқаратын - **дәріс**.

Курсанттар дәрісті тындап қана қоймай, дәріс оқушының ой пікіріне мұқият назар салып, оның негізгі керекті жерлерін жазып алулары керек, яғни дәрісті конспектілеп отыру керек. Бұл курсантқа көп көмек береді.

Жазып алған дәрістің конспектісін семинар сабақтарына өз бетімен дайындалу барысында оқып, керекті жерлеріне тиісті өзгертулер мен толықтырулар енгізу де өте пайдалы.

Кезекті дәрістің алдында өткен дәрістегі мәселелерді еске алып дәріс болатын тақырып бойынша әдебиеттер мен монографиялармен алдын ала танысу, дәріс оқылатын жаңа тақырыпты игеруге үлкен пайдасын тигізеді.

**Семинар сабақтары** сол тақырып бойынша дәріс оқылғаннан кейін жүргізіледі. Семинар курстың негізгі және күрделі деген тақырыптарын тереңдете оқып түсінуге жағдай жасайды. Семинар сабағында дәріс сұрақтары қайталанбауы мүмкін, семинар сабағының жоспары бойынша курсанттар талқылауға қатысып, өздерінің дайындығын көрсетеді, сондықтан да олар семинар сұрақтарына жауап беруге әрқашан дайын болулары керек.

Курсанттар семинар сабағында белгілі бір тақырыпты меңгеру үшін өз бетімен тиісті арнайы және қосымша оқулықтарды, заңнама нормаларын және өзге де құқықтық нормативтік актілерді зерделеп, дәріс дәптерінде жазған жазбалары бойынша дайындалады. Сонымен бірге курсанттар семинар сабағында тиісті заңдар мен нормативтік актілерді талқылайды, конспект жасайды. Курсанттардың білімдері семинар сабағына қойылған сұрақтарға жауап беру нәтижесінде бағалынады.

Семинар сабағында талқыланатын сұрақтарды оқу «Заңнан - практикаға, заң қолдану проблемасынан - заңды және алдын ала тергеу органдарының қызметін жетілдіруге» деген схемасы бойынша оқып-үйрену ұсынылады.

Семинар сабақтарының түрлері мынадай: қойылған сұрақтарға жауап беру, рефераттарды талқылау, турнирлік ойындар, баспасөз конференциясы, «дөңгелек стол» және т.б. Осы көрсетілген сабақтардың түрлерін қолдана отырып кез- келген тақырып бойынша семинар сабағын жүргізуге болады.

Сабақты жүргізу формасына қарамастан, әрбір курсант талқыланатын мәселе бойынша өз пікірін ортаға салып және өз көзқарасын дәлелді түрде қорғай алуы қажет. Ішкі істер органдары қызметіндегі қайта құру істері мен тәжірибені теориямен байланыстыра отырып, баяндама жасаған ой салатын сын айта білген тыңдаушыларды кафедра ынталандырып отырады.

**Тәжірибелік сабақтар** жалпы ереже бойынша үш кезеңнен құралады:

1 - практикадан туындаған жағдайлар бойынша есеп шығару; 2 - іскерлік ойындар (тергеуші, анықтаушы, прокурор, судья рольдерін іс жүзінде атқару); 3- процестік құжаттарды жасау.

Практикадан туындалған жағдайлар бойынша есеп шығару үшін курсанттарға мынандай әдістеме ұсынылады:

1. Ең алдымен негізгі тақырыптың мазмұнын толық түсініп біліп алу және мына сұрақтарға жауап беру керек: практикадан туындаған жағдайларда не көрсетілген; тергеліп жатқан оқиғаның қылмыстық құқылық дәрежесі қандай; тергелетін жағдайда қатысушы кім; тергеуші немесе анықтама жүргізуші адам қандай қылмыстық процестік шешім қабылдады; қандай дәлелдемелер бар, айыпталушының (күдіктінің) көзқарасы қандай, мәселе бойынша шешім қабылдау үшін тергеушіге (жедел іздестіру қызметкеріне) қанша уақыт берілген, қылмыстық процестік заңы бұзылған ба, қылмыстық істегі дәлелдемелер қалай бағаланған және т.б.

2. Курсант негізгі (бастапқы) мәліметті талдау нәтижесінде, тапсырманы орындау үшін, мына мәселелерге жауап іздеу керек: шығаратын есеп бойынша нені табу, нені дәлелдеу немесе кімді әшкерлеу керек, нені түсіндіріп, қандай ұсыну жасау керек.

3. Тапсырманы орындаудың келесі бір жолы оның шешімін іздестіру болып саналады. Бұл жөнінде білім алушылар нормативтік материалдарды (Қазақстан Республикасының қылмыстық процестік кодексі, басқа заңдар, өзге нормативтік ведомстволық нормативтік актылар) басшылыққа алулары тиіс. Тек сонда ғана қылмыстық процестік қағидаттарының талаптары сақталынады.

4. Белгілі бір шешімін қабылдар алдында курсант мынандай ережені естен шығармау керек: егер әлде кім есеп бойынша қабылданған шешім жалғыз ғана дұрыс шешім деп ойласа, онда оның қателескені. Соңдықтан да әрқашан шешім қабылдаудың баламалы жолын қарастыру керек.

5. Қабылданған шешім қылмыстық процестік заңының тиісті нормаларына, қажет болған жағдайда басқа да құқықтық нормативтік ведомстволық актілерге негізделуі тиіс.

Курсант практикадан туындалған жағдайлар бойынша есеп шығаруды сабаққа өз еркімен дайындалатын уақытта орындап, шешімдерін арнаулы дәптерлерге жазулары керек, ал сабақтың үстінде өздерінің шешімдерін мынандай тәртіппен баяндауға тиіс: 1. Іс бойынша тек керекті құқықтық маңызы бар фактілерді көрсету; 2. Тергеу ситуациясын талқылау; 3. Қойылған сұрақтарды атап, оларға толық және дәлелді жауап беру.

**Іскерлік ойын** жүргізу дегеніміз қылмысты ашу жолындағы тергеуші мен жедел іздестіру қызметкерінің жүргізетін іс-әрекеттерінің үлгісін жасау. Бұл әрбір тергеу ситуациясын және іс жүргізуге қатысушылардың психологиясын түсінуге көмектеседі.

Іскерлік ойынды пайдаланып жүргізулетін жаттығу сабақтары бірнеше кезеңге бөлінеді.

**1 – ші кезең:** Рольдерді бөлу.

Курсанттар арасынан роль ойнайтындар белгіленеді. Тергеу судьясынан күдіктіні күзетпен ұстап алу үшін рұқсат (санкция) алу жағдайында, бір курсант тергеу судьясының, екінші курсант тергеушінің, үшінші – күдіктінің ролін атқарады.

Басқа қалған курсанттар екі топқа бөлінеді де, бірінші топ - сарапшы ретінде «тергеушіге» баға береді, екінші топ – «прокурорға» баға береді.

**2 – ші кезең:** Оқу тапсырмасын анықтап, іскерлік ойынды жүргізуді дайындау.

Бұл кезеңде курсанттар өздеріне жүктелген міндеттеріне сәйкес (прокурор, тергеуші) жоспар жасайды, ал эксперт ретінде баға беретін курсанттар сын айтуға дайындалады.

**3 – ші кезең:** Іскерлік ойынды жүргізу. Әрбір курсант өзінің жоспары және сценарий бойынша іс жүргізуге қатысады. Ал эксперт курсанттар олардың әрекеттерін мұқият бақылап отырады.

**4 – ші кезең:** Іскерлік ойынды талқылау. Курсант-сарапшылар әрбір ойынға қатысқан курсантқа баға береді, олардың шешімдеріндегі дұрыс және қателіктеріне тоқталады. Содан кейін барлық курсанттар іскерлік ойын барысында туындаған мәселелерді және іскерлік ойынның нәтижесін талқылауға қатысады.

**5 – кезең:** Қорытынды жасау. Сабақ жүргізген оқытушы іскерлік ойын барысын талдап, курсанттардың жауабына баға береді және жіберілген қателерді айтып, оны болдырмаудың тиімді жолдарын көрсетеді.

Процестік құжаттарды жасау алдын ала тергеу органдары қызметкерлерінің процестік мәдениеттілігін қалыптастыруға ықпал жасайтын практикалық сабақтардың маңызды бөлімдерінің бірі. Процестік құжаттарды жасау үшін курсанттарға мынандай ұсыныс жасаймыз:

1. Бастапқы мәліметтермен танысып, олардың мазмұнын түсінгеннен кейін, қандай процестік құжаттар дайындау керектігін анықтаныңдар.

2. Процестік құжаттардың түрлері мен мазмұнын көрсететін ҚПК-нің қажетті баптарын оқыныңдар.

3. Кафедраның оқу-әдістеме кабинетіндегі мұрағатта жатқан қылмыстық істерді оқу керек. Осы істердегі құжаттарға сын көзбен қарап, олардың заңдылығына, орындылығына, негізділігіне баға беру керек.

4. Процестік құжаттарды курсанттар практикалық сабақ үстінде жазады. Құжат жасауда тиісті көмек көрсететін оқулықтарының бірі, біздің кафедра оқытушылары дайындаған.

5. Сабақ үстінде жазылған құжаттар талқыланады, қателіктері мен кемшіліктері айтылады, содан кейін әрбір курсант, жазған құжаттарын сабақта оқытушыға тапсырады.

**Өздік дайындық** - ол курсанттармен өз бетінше ұсынылған негізгі әдебиеттерді және қосымша әдебиеттерді және де басқа да ақпараттық көздерден алынған әдебиеттерді оқып тақырыптың маңызын терең түсінеді. Сонымен қатар жазбаша тапсырмаларды дайындау және құрастыру жүзеге асырылуы мүмкін (реферат, баяндама, коллоквиум и т.б.) осы аталғандар семинарлық және тәжірибелік сабақтарда қарастырылып талқыланады.

Өздік дайындық сағатында сонымен қатар алда болатын семинарлық және тәжірибелік сабақтарға дайындалу жүзеге асыралады, онда дәптерлерінде қарастырылуға жататын негізгі сұрақтар құрастырылады.

## **2.11. Тәжірибелік тапсырмаларды және курстық жұмысты орындау бойынша нұсқаулық пен әдістемелік ұсыным**

Олар осы пәннің оқу жоспарында қарастырылмаған.

**Рефераттарды рәсімдеу, орындау бойынша әдістемелік нұсқаулық:**

Курсанттардың өзіндік жұмысының міндетті элементі - зерттелетін курс тақырыптарының бірінде реферат жазу.

«Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестік құқығы» пәні бойынша бір оқу циклі кезінде студенттер өз бетімен рефератты дайындауы

керек, ол цикл барысында ұсынылуы және қорғалуы тиіс. Баяндаманың тақырыптары семестрдің бірінші аптасында курсанттарға беріледі.

Реферат мақсаты - «Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестік құқығы» пәні бойынша курсанттардың білімдерін жүйелеу, тереңдету және нығайту, сондай-ақ, курсанттармен теориялық мәселелерді тәуелсіз орналастыру, оларды талдау, еркін таныстыру және қорғау.

Бұл оқыту формасының ерекшелігі мен құндылығы – курсант алған білімін жүйелі түрде ұйымдастыра алатын, логикалық тұрғыдан үйлесімді, шығармашылық және сыни тұрғыдан нақты мәселені ұсынуға қабілетті тергеуші ретінде өзін-өзі танудың нақты мүмкіндігін алады.

Осылайша, реферат бойынша жұмыс, жаңа ақпаратты алумен шектелмей, оқу үрдісін зерттеу жұмыстарына жақындастыратын жаңа білімді дамыту мен олардың дағдыларын қалыптастыруға ықпал етеді.

**Реферат жазудың жалпы сұрақтары**

Рефераттың нақты тақырыбы тыңдаушыға жеке тапсырма түрінде жеткізіледі немесе оқытушымен келісім бойынша ұсынылған әдістемелерден өзі таңдап алады.

Бірақ, тіпті мұқият құрастырылған тақырыптар, әрине, қылмыстық-процестік құқығын оқыту процесінде зерттелген мәселелердің шексіз әртүрлілігін қамти алмайды. Тыңдаушы реферат тақырыбын өзі ұсынуы мүмкін. Мұнда оқытушының міндеті - оған ұсынылған тақырыптың өзектілігін, оны қараудың ыңғайлылығын анықтауға, емтиханның қажетті аспектілерін көрсетуге, тақырыпты және зерттеу тапсырмаларын нақты тұжырымдауға көмектесу.

Курсанттарға бірдей реферат тақырыбын ұсынуға жол берілмейді.

Рефератты семинар сабағы барысында қорғап, тақырыпты дискуссия жүзінде талқылау.

*Реферат жазу үшін келесі талаптар қойылады:*

1. Жазылу барысында: қорғауға тақырыптық беттері, жұмыс жоспары, пайдаланылған әдебиеттер тізімі, қосымшасы (қажет болған жағдайда) бар реферат рұқсат етіледі. Рефераттардың барлық беттерін нөмірлеу керек.

2. Мазмұны бойынша: реферат таңдалған тақырыптың өзектілігін, мақсаттары мен міндеттерін міндетті түрде көрсетуі керек, анықталған және шешілген барлық сұрақтар анық түрде анық баяндалуы керек, білікті талданып, реферат тақырыбына байланысты мәселелер болуы керек.

Реферат сабақ барысында курсанттармен қорғалып, объективті бағаланғаннан кейін, реферат міндетті түрде мұрағатқа көшу үшін кафедраның қарауына жіберілуі керек.

Егер қанағаттанарлықсыз баға алынса, реферат қайта қарау үшін қайтарылады немесе жаңа тақырып беріледі.

Рефераттың мазмұны мен құрылымы

Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестік құқығы пәнінен рефераты - жалпыға бірдей форматтағы 10-15 беттен тұратын қолжазба немесе баспа мәтінде жазылады.

Рефераттың келесі құрылымы ұсынылады:

### Кіріспе – 1-2 бет

Кіріспе барысында курсант жұмыс тақырыбын анықтайды, қарастырылып отырған тақырыптың маңыздылығы мен өзектілігін дәлелдейді, сондай-ақ негізгі мәселелерді нақты көрсете отырып, реферат тақырыбында жеткілікті дамыған аспектілер жоқ екеніне назар аудару керек.

### 1-бөлім. 5-6 бет

Бірінші бөлім - бұл кіріспенің жалғасы ретінде қарастырылады. Осы бөлімде мәселенің қысқаша тарихы, автордың барлық кейінгі қорытындылары негізделген жалпы ережелердің мәнін анықтайды, зерттелетін тақырыптың әр түрлі аспектілері негізделеді.

### 2-бөлім. 5-6 бет

Екінші бөлім автордың зерттеген материалына сәйкес тақырып мазмұнын талдауға арналған. Рефераттың қазіргі жай-күйін анық көрсетеді. Тыңдаушыны таңдаған ең тиімді жұмысы, егер ол таңдаған мәселені қарастырса, ол мамандандырылған білім саласымен байланыстыра алады.

### Қорытынды – 2 бет

Қорытындыда, негізгі тұжырымдар басшылыққа алынады және автор өз талдауын қысқаша баяндайды. Қорытындыда қарастырылып отырған мәселенің даму мәселелері де көрсетіледі.

### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

Пайдаланылған әдебиеттер тізімінде соңғы жылдардағы ең қажетті басылымдарды, оқу-анықтамалық әдебиеттері, ғылыми монографиялары көрсетілуі тиіс. Рефератқа қосымша тізім ғылыми жарияланымдарға қойылатын талаптарға сай болуы керек.

Тексеру кезінде ерекше назар аудару керек, рефераттың тақырыбын толық және терең жариялау, шешімдерінің негізділігі, логикалық тұрғыдан дәйектілігі.

Нақты ғылымның жеке сұрақтарын баяндап және арнайы терминологияны шамадан тыс пайдаланбаңыз.

Сабақты (дәріс, семинар немесе КООЖ сабақтарын) босатқан және оны белгіленген тәртіпте өтемеген курсанттар тізімде көрсетілген тақырыптардың біреуіне реферат дайындайды.

Рефератты жазу барысында кем дегенде екі теоретикалық сұрақтар қарастырылып және ашылуы тиіс, көлемі қолжазба мәтіннің 10 беттен аспауы тиіс. Әрбір сұрақтың соңында қорытынды болуы тиіс, тәжірибелік мәні мен тәжірибемен байланысы көрсетілуі тиіс. Жұмыс өзіндік дайындық уақытында орындалады. Рефератпен шығып сөйлеу семинар және КООЖ сабағында бағалау арқылы жүргізіледі.

Реферат жазуға дайындалу барысында қолда бар нормативтік құқықтық актілерді, сондай-ақ тақырып бойынша ұсынылған оқулықтар, монографиялар және оқу құралдарын қолдану қажет.

Әдебиет көздерінің реттік нөмерлерін көрсете отырып курс бойынша ұсынылған әдебиеттер тізімі (3.7 тарауды қараңыз)



## **2.12.ӨЗІНДІК БАҚЫЛАУҒА АРНАЛҒАН ТЕСТ ТАПСЫРМАЛАРЫ**

### **1. Қылмыстық процестік дегеніміз не?**

- қылмысты ашу бойынша жүргізілген мемлекеттік органдардың қызметі
- қоғамдық тәртіпті сақтау бойынша жүргізілген мемлекеттік органдардың қызметі
- қылмыскерді беру бойынша жүргізілген мемлекеттік органдардың қызметі
- қылмысты тіркеу бойынша жүргізілген мемлекеттік органдардың қызметі
- хабарсыз кеткендерді іздеу бойынша жүргізілген мемлекеттік органдардың қызметі

### **2. Қылмыстық процестік құқықтық қарым-қатынасқа жататындар:**

- прокурор және мемлекеттік органдардың арасындағы қатынастар
- мемлекеттік органдар мен коммерциялық ұйымдар арасындағы қатынастар
- мемлекеттік органдар мен азаматтар арасындағы қатынастар
- мемлекеттік органдар және заң кеңестерінің арасындағы қатынастар
- қоғамдық ұйымдар және сот арасындағы қатынастар

### **3. Процестік түр ол:**

- заңда бекітілген тәртіппен шағым беру
- заңда бекітілген тәртіппен азаматтық талапкер ретінде арыздану
- заңда бекітілген тәртіппен қорғаушының еңбегіне төлем ақы беру
- заңда бекітілген тәртіппен процессуалдық әрекеттерді жүргізу
- заңда бекітілген тәртіппен зиянның орнын толтыру

### **4. Қылмыстық процестік қызметке жатады:**

- жазаны орындау, істі шешу
- қорғау, жазадан босату
- айыптау, қорғау және іс бойынша шағым беру
- жаңадан мән-жайларға байланысты істі қайта жаңғырту
- айыптау, қорғау, іс бойынша шешім қабылдау

### **5. Іс бойынша қорытынды шешім қабылдау кімге жүктеледі?**

- сотқа, судьяға
- тергеушіге
- прокурорға
- нықтаушыға
- нықтау органының бастығына

### **6. Жеке санаттағы істерге жатады:**

- азаматтығы жоқ азаматтарға және шетелдің азаматтарына қатысты істер
- мүгедектерге және бұрын сотталғандарға қатысты істер
- есі дұрыс емес және Қазақстан Республикасы тыс жердегі адамдарға қатысты істер
- әскери қызметтегі және әскери міндетті адамдарға қатысты істер
- иммунитеттері және артықшылықтары бар адамдар және жасы кәмелетке толмағандарға қатысты істер

### **7. Қылмыстық процестік нормалар ол:**

- жүріс-тұрыстың міндетті емес ережесі
- жүріс-тұрыстың арнайы ережесі

- жүріс-тұрыстың жалпыға бірдей ережесі
- жүріс-тұрыстың шектелген ережесі
- жүріс-тұрыстың үкім шығарғандағы ережесі

#### **8. Қылмыстық процестік заңның кеңістіктегі әрекеті анықталады:**

- соттың тұрған территориясымен
- Қазақстан Республикасы аумағымен
- қылмыстық іс қозғалған жерімен
- бұлтартпау шарасын қолданған жерімен
- қылмыс болған аймақтың территориясымен

#### **9. Қылмыстық іс жүргізу қағидаттары деп нені ұғынасыз:**

- заң нормаларында бекітілген негізгі ережелер
- ведомствалық актілермен реттелетін негізгі ережелер
- прокурормен анықталған негізгі ережелер
- тергеуші белгілеген негізгі ережелер
- үкім шығару үшін белгіленген негізгі ережелер

#### **10. Қылмыстық процестік заң деп нені ұғынамыз.**

- ішкі істер органдарының нормалық актісі
- қылмыстық іс жүргізуші органның нормалық актісі
- мемлекеттік билік органының нормалық актісі
- жазаны атқару органының нормалық актісі
- сот шығарған нормалық акті

#### **11. Қылмыстық процестік кепіл дегеніміз не?**

- қылмыстық процестің міндеттерін шешуді қамтамасыз ететін заң нормалары
- жазаның орындалуын қамтамасыз ететін заң нормалары
- бұлтартпау шараларын қолдануды қамтамасыз ететін заң нормалары
- айып тағуды қамтамасыз ететін заң нормалары
- азаматтық талапты шешуді қамтамасыз ететін заң нормалары

#### **12. Қылмыстық процеске қатысушылардың қайсысы қорғау қызметін атқармайды?**

- күдікті
- айыпталушы
- қорғаушы
- жәбірленуші
- азаматтық жауапкер

#### **13. Қылмыстық процестік түрлеріне жатпайтынды көрсетіңіз:**

- айыптау процесі
- іздеу процесі
- унитарлық процесс
- айысушылық процесс
- аралас процесс

#### **14. Қылмыстық процестік құқықтың заты болып не саналады?**

- қылмыстық – процестік құжаттар
- қылмыстық – процестік шешімдер
- қылмыстық – құқықтық қарым-қатынас

- қылмыстық жаза

- қылмыстық – процестік мәжбүрлеу шаралары

**15. Ішкі сенім бойынша дәлелдемелерді бағалау дегеніміз не ?**

- тергеуші заң негізінде дәлелдемелерді бағалайды

- анықтау органы кінәлі неменсе кінәлі еместігі тұрғысынан дәлелдемелерді бағалайды

- сот, прокурор, тергеуші, анықтаушы, дәлелдемелерді жиынтығында негізделген өздерінің ішкі сенім бойынша бағалайды, бұл орайда заң мен ар ожданды басшылыққа алады

- анықтаушы пайда болған болжамдар арқылы бағалайды

- прокурор анықтау және тергеу жұмыстарын қадағалау барысында дәлелдемелерді бағалайды

**16. Конституцияның талаптарына сәйкес тергеуші мен анықтаушы бірінші кезекте нені басшылыққа алуға міндетті:**

- Қазақстан Республикасының мемлекеттік декларацияларымен

- Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестік кодексімен

- аудандық және облыстық әкімшіліктің жарлықтарымен

- Қазақстан Республикасының Бас прокурорының бұйрықтарымен және жарлықтарымен

- ведомстволық бұйрықтар мен жарлықтармен

**17. Қылмыстық істі жүргізген кезде қылмыстық процесс заңының талаптарына елеусіз қателіктер жіберуге болады ма?**

- жіберуге болмайды

- қажеттілік туғанда жіберуге болады

- талаптардың бұзылуы мүмкін, егерде ол тергеу жүргізуді тездетуге мүмкіндік берсе

- экстремалдық жағдайларда ғана талаптардың бұзылуы мүмкін

- Қазақстан Республикасы ҚПК-нің талаптары тек қана прокурордың санкциясымен бұзылуы мүмкін

**18. Қатысушылардың әлде-біреуіне күш көрсету әрекеті шараларын қылмыстық процесте қолдануға болады ма?**

- күш көрсету әрекетінің шаралары қажет болған кезде прокурордың санкциясымен куәгер мен жәбірленушіге қолданылады

- процеске қатысушылардың бәріне қолданылуы мүмкін

- күш көрсету әрекеті шараларын қолдануға болмайды

- күш көрсету әрекетінің шаралары сезіктілер мен айыпталушыларға қолданылуы мүмкін

- күш көрсету әрекетінің шаралары прокурордың санкциясымен немесе соттың шешімімен дәлелдемелерді алудың басқа да амалдары біткен кезде қолданылуы мүмкін

**19. Соттың ашық отырысын өткізуге болады ма:**

- жоқ, соттың ашық отырысы алдын ала тергеудің құпиясын жариялылық етуге әкеледі

- иә, бірақ ерекше жағдайларда соттың жабық отырысын өткізуге болады

- иә, бірақ Бас прокурордың келісімімен

- иә, бірақ қоғамға жариялы болған немесе қоғамдық маңызы бар істер бойынша

- иә, бірақ сотталушы мен жәбірленушінің келісімімен

## **20. Қазақстан Республикасында қылмыстық сот ісін жүргізу қай тілде жүргізіледі?**

- тек қана мемлекеттік тілде

- тек қана орыс тілінде

- орыс және ағылшын тілдерінде

- мемлекеттік тілде, ал қажет болғанда онымен қатарлас орыс немесе басқа да тілдер қолданылады

- тергеуші, прокурор, судья қолданатын тілде;

## **21. Қылмыстық процестік ақтау дегеніміз:**

- соттың адамға қарсы таққан айыбын кінәсіз деп тапқанын мақұлдау

- адамды қылмыстық жазадан босату

- қылмыстық жауапкершілікке заңсыз тартылған адамға келтірілген зиянды өтеуге жұмалдырылған кешенді шаралар

- адамды ақтау туралы шешім қабылдаған орган келтірілген зиян үшін ресми түрде кешірім сұрау

- жоғарыда айтылған барлық түсініктердің жиынтығын

## **22. Айыпталушының өзінің кінәсін мойындаудың дәлелдемелік маңызы қандай:**

- оның маңызы жоқ және ол іс бойынша дәлелдеме ретінде ескерілмейді

- ол тергеу жүргізіп жатқан тұлғаның қарауына қарай ескерілуі мүмкін

- ол басқа да дәлелдемелермен қатар тексерілуі және бағалануы керек

- оның басқа дәлелдемелердің алдында ешқандай басымдылығы жоқ

- айыпталушының мойындау негізінде, ол қылмысты жасағанын ашатын жалғыз ғана дәлелдеме болып табылса да, осы жеке адамның кінәлі екені туралы қорытынды жасауға болады

## **23. Қылмыстық істе қай мезгілден бастап жеке тұлғаға қорғаушының көмегін сұрауға құқығы бар:**

- ұстап алған кезден бастап, бұлтартпау шарасын таңдағаннан бастап

- алдын ала тергеу жұмысы біткен соң

- істі сотқа жіберген кезден бастап

- қылмыстық процессті жүргізетін органның қарауына қарай

- айыптау жазасын шығарған кезден бастап

## **24. Жекеше айыптау ісі қозғалады:**

- прокуратураға шағымды беру арқылы

- анықтау органына шағымды беру арқылы

- алдын ала тергеу органымен өзінің қарауы бойынша

- сотқа шағым беру арқылы

- қылмысты қудалау органдарымен

## **25. Жариялылық қағидат дегеніміз не:**

- залда сот талқылауы кезінде жұрттың қатысуына мүмкіндігі

- басқа тұлғалардың қарауынан тәуелсіз, заңға сәйкес шешімді қабылдап және әрекет ететін қылмыстық процессті жүргізетін органның міндеті

- сот ісің жүргізуге барлық негізгі қатысушылардың сот отырысында жариялы сөз сөйлеуіне мүмкіндігі
- процеске негізгі қатысушылардың қылмыстық істің материалдарымен танысудың міндеттілігі
- бұқаралық ақпараттар құралдарында сот талқылаулары мен тергеудің нәтижелерін жария етудің мүмкіндігі

## **26. Кінәсіздік презумпциясы дегеніміз не?**

- әрқайсы кінәлі емес болып саналады, әзірше заңдық күшіне енген соттың үкімі анықталғанша және қылмыстық іс жүргізу заңымен қарастырылған тәртіппен оның кінәлілігі дәлелденбегенше
- ешкім өзінің кінәсіздігін дәлелдеуге міндетті емес
- айыпталушының кінәлі екендігін жоюға болмайтын күдік, айыпталушының пайдасына жүзеге асырылады
- айыптау үкіміне болжау негіз бола алмайды және ол жеткілікті нақты дәлелдемелердің жиынтығымен расталуы керек
- жоғарыда айтылған барлық мән-жайлар

## **27. Қылмыстық процесте жеке тұлғаның, қылмысты жасағанына кінәлі немесе кінәлі емес екенін дәлелдеу кімнің міндетіне жүктеледі:**

- айыпталушының өзіне
- айыпталушыға және оның қорғаушысына
- жәбірленушіге
- қылмыстық процессті жүргізетін органға
- жәбірленуші мен айыпталушының жақын туған-туысқандарына

## **28. Қылмыстық процесте күдікті – ол...**

- қылмыс үстінде ұсталған адам
- оған қатысты оны сезікті ретінде жауапқа тарту қаулысының шығуы
- өзіне қатысты күдікті ретінде тану туралы қаулы шығарылған; осы ҚР ҚПК 131-бабының тәртібімен ұстап алынған; өзіне қатысты күдіктінің іс-әрекетін саралау туралы қаулы шығарылған; қылмыстық теріс қылық жасады деген күдіктің болуына байланысты жауап алынған адам күдікті болып табылады
- қылмысты қудалау органына жәбірленушімен немесе қылмысты көрген куәлармен жеткізілген болса
- оған жәбірленуші немесе айғақ адамдар қылмысты істеген жеке тұлға ретінде тура көрсетсе

## **29. Қылмыстық процесте жәбірленуші деп танылады:**

- оған қатысты қылмыс істелсе
- оның қылмыс істелуі туралы арызымен құқұққорғау органдарына шағымданса
- қылмыстық іс қозғалса
- қылмыстық құқық бұзушылықпен өзіне тікелей моральдық, тәндік немесе мүліктік зиян келтірілсе
- қылмысты істеген жеке адамдардың күзетпен ұсталса

## **30. Тергеу әрекеттерін жүргізген кезде неше куәгер (кем дегенде) қатысуы керек:**

- біреуі жеткілікті

- екеуден кем емес
- кем дегенде үшеуі
- заңмен куәгерлер қаншалықты болуы анықталмаған
- кем дегенде алтауы

## КУРСАНТТАРДЫҢ БІЛІМДЕРІН БАҒАЛАУ ӨЛШЕМДЕРІ

Курсанттар барлық дәрістік сабақтардан қалмауға міндетті. Сабақты белгілі себептермен (наряд, іс сапар, шаруашылық жұмыстар, ауру) босатқан кезде курсант сабаққа шыққан күннен 5 жұмыс күн ішінде игеріледі. Сабақты белгісіз себептермен босатқан курсант ол күндерді 2 жұмыс күні ішінде игеруге тиіс. Сабақ аяқталған соң тақырып бойынша сұрақтарды талқылауға қатыспаған және тапсырманы орындамаған курсанттарға 0,1 ұпай қойылады.

Босатылған сабақты игеру сабақ беретін оқытушы, ол болмаса кезекші оқытушы немесе кафедра бастығы тарапынан қабылданады. Семинарлық (практикалық) немесе КОӨЖ сабақтарын игеру босатылған тақырып бойынша жазбаша түрде (реферат, доклад, эссе және т.б.) тапсыру түрінде орындалады. Курсантқа игерілген сабақ бойынша 1 ұпайдан жоғары баға қойылмайды. Егер де курсант белгісіз себеппен босатқан немесе сабақта жақсы баға алмау себебімен игеруге келсе оған 0,8 ұпайдан артық баға қойылмайды. Игеру мерзімі созылып кетсе максималды ұпай әр бір сабақ үшін 0,5 ұпайға дейін төмендейді. Дәрістік сабақ игерілмейді.

Әр сабақ бойынша тақырыпты қайталау және өткен материалдарды игеру міндетті. Материалды игеру дәрежесін анықтау үшін түрлі жұмыстар беріледі: тестілеу, жазбаша жұмыстар, ауызша сұрау, презентация, дебаттар, дискуссия және т.б. Сабақ кезінде тестілеу ескертусіз жүргізілуі мүмкін.

ТӨЖ, офистік сағаттар мен КОӨЖ шығарылған тапсырмаларды орындамаған тыңдаушылар емтиханға жіберілмейді.

### *Дәріс сабақтары бойынша:*

Сабаққа қатысу – 0 ұпай

### *Семинар, КОӨЖ бойынша:*

Тапсырмаларды орындау, сабақтардағы жұмыс – 1 сағат үшін 1 ұпай

**КӨЖ орындауы:** 1 тапсырма – 0,5 ұпай

**Межелік бақылау** (бірінші межелік бақылау) кестеге сәйкес өтеді. Курсант егер рубежді бақылаудан **20 ұпай** алса, аттестацияланды деп саналады. Рубежді бақылаудан аттестацияланбаған курсанттар қарызын семестрдің 8 аптасы бойы жазба жұмысы арқылы және т.б. жіберген сабақты игеруге құқығы бар.

**Емтиханға жіберілу** (екінші межелік бақылау) семестрдің 12 аптасында өтіп, курсант пән бойынша 30 ұпайдан кем емес ұпай алған жағдайда өтеді. Ағымдық аттестацияға жіберілмеген курсанттар қарызын емтихандық сессияның соңына дейін өтеуге құқылы.

**МҰ** – максималды ұпай – курсанттың ағымдық бақылау кезінде алған ұпайлары мен емтиханда алған ұпайлары **100** ұпайды құрауы керек.

**Ағымдық бақылау - 60 ұпай және емтиханға – 40 ұпай.**

Курсанттың пән бойынша қорытынды бағасы сынақ кітапшасына төмендегідей сызба бойынша дәстүрлі және әріптік жүйе бойынша қойылады:

Пән бойынша ұпайлар	Әріптік бойынша қойылатын бағалар	Дәстүрлі жүйе бойынша ойылатын бағалар
95-100	A	Өте жақсы
90-94	A-	
85-89	B+	Жақсы
80-84	B	
75-79	B-	
70-74	C+	Қанағаттанарлық
65-69	C	
60-64	C-	
55-59	D+	
50-54	D	
0-49	F	Қанағаттанарлықсыз

**«A», «A-» («үздік»)-** егер курсант барлық бағдарлама материал терең және нақты игерсе, оны толық, жүйелі, сауатты және ой тізбегін бұзбай баяндаса, тапсырмалардың түрін өзгерткенде жауап беруге қиналмаса, қойылған міндеттерді еркін орындаса, монографиялық материалдың білімін көрсетсе, қабылданатын шешімдерді дұрыс негіздесе, тәжірибелік жұмыстарды орындаудың түрлі тәсілдері мен дағдыларын білсе, материалды өз бетімен қатесіз жалпылау мен баяндай алуды байқатса;

**«B», «B», «B-» («жақсы»)-** егер білім алушы бағдарлама материалын анық білсе, оны сауатты да негізден баяндаса, сұраққа жауап беруде елеулі қателіктер жібермесе, теориялық ережелерді дұрыс қолдана алса, сонымен қатар тәжірибелік міндеттерді орындауға қажетті дағдылары болса;

**«C+», «C», «C-» («қанағаттанарлық»)-** деген баға егер білім алушы негізгі материалды ғана игеріп, бірақ жекелеген тұстарын білмей қателіктер жіберсе;

**«D+», «D» («қанағаттанарлықсыз»)-** деген баға егер білім алушы бағдарлама материалын көп бөлігін 0-30%-ын білсе.

Егер білім алушы 30-40% елеулі қателіктер жіберсе.

Егер білім алушы бағдарлама материалының едәуір бөлігін білмесе, тәжірибелік 40-49%-ын қатты қиналып орындаса, қойылады.

A-дан A-ға, B-дан B+-ке дейінгі, D-дан C+-ке дейінгі бағалар аралығын таңдау білім алушылардың сәйкес келу дәрежелері жоғарыдағы критерийлермен анықталады.

## **ҚЫЛМЫСТЫҚ ПРОЦЕСС ПӘНІ БОЙЫНША ЕМТИХАН СҰРАҚТАРЫ**

1. Қылмыстық процестік құқығының түсінігі, мәні және міндеттері.
2. Қылмыстық процестік сатыларының ұғымы мен мәні.
3. Қылмыстық процеске қатысушылар ұғымы, олардың топтары.
4. Ақтау. Қылмыстық процесті жүргізетін органның заңсыз әрекеттерімен келтірілген зиянды өтеу.
5. Қылмыстық сот ісін жүргізудің тарихи түрлері мен нысандары. Қылмыстық процестік сатылары мен олардың жүйесі.
6. Қылмыстық процестің нысандарының дифференциациясы мен бірлігі.
7. Қылмыстық процестік нормалары: олардың түрлері мен құрылымы. Қылмыстық процестік құқықтық қайнар көздерімен ұғымы мен түрлері.
8. Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестегі тергеу судьясы, және оның өкілеттіліктері?
9. Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестегі жәбірленуші түсінігі, оның құқықтары және міндеттері?
10. Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестегі тергеуші және анықтаушы, түсінігі және олардың өкілеттіліктері?
11. Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестегі қорғаушы және түсінігі және оның өкілеттіліктері?
12. Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестегі күдікті түсінігі және оның құқықтары?
13. Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестегі күдікті түсінігі және оның құқықтары?
14. Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестегі куә, қорғалуға құқығы бар куә түсінігі және оның құқықтары мен міндеттері?
15. Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестегі айыпталушы, сотталушы түсінігі және оның құқықтары мен міндеттері?
16. Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестік міндеттеріне және қағидаттарға түсініктеме беріңіз?
17. Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестік мәжбүрлеу шараларының түсінігі, жүйесі және мәні.
18. Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестегі бұлтартпау шараларының түсінігі, жүйесі және мәні.
19. Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестегі ұстап алу түсінігі, негізі және мақсаты.
20. Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестегі күзетпен ұстау бұлтартпау шарасын қолдану процестік тәртібі.
21. Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестегі азаматтық талап түсінігі және азаматтық талап қою тәртібі.
22. Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестік шығындар түсінігі және процестік шығындарды өндіріа алу тәртібі.
23. Қылмыстық іс бойынша іс жүргізу барысында еңбекке ақы төлеу және шеккен шығыстарды өтеу.
24. Қылмыстық сот ісін жүргізудің форматы.



25. Тергеушімен қылмыстық істі аяқтау кезінде процестік шешімдердің түрлері.
26. Қылмыстық процесте қылмыстық істерді біріктіру және бөлектеу түсінігі және тәртібі.
27. Қылмыстық процестегі өзге процестік мәжбүрлеу шараларының түсінігі, түрлері және процестік тәртібі.
28. Қылмыстық процесті жүргізетін органның заңсыз әрекеттерімен келтірілген зиянды өтеу тәртібі, түрлері және талап қою мерзімі.
29. Сот. Соттың құрамы. Соттың өкілеттіліктері.
30. Қазақстан Республикасының қылмыстық процестегі ұйқамас бұлтартпау шарасын қолдану процестік тәртібі.
31. Қазақстан Республикасының қылмыстық процестегі кепіл бұлтартпау шарасын қолдану процестік тәртібі.
32. Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді тоқтату және қайта бастау тәртібі.
33. Іс бойынша сот ісін жүргізуді тоқтата тұру және сотқа дейінгі тергеп-тексеру мерзімін үзу.
34. Қылмыстық қудалаудан артықшылықтарымен иммунитеті бар адамдарға бұлтартпау шараларын таңдау ерекшеліктері қандай.
35. Анықтау органы және тергеу бөлімінің бастығына түсініктеме, құқықтары мен міндеттері.
36. Қылмыстық іс бойынша орны толтырылатын зиянның түрлері.
37. Қылмыстық процеске қатысушыларға қауіпсіздік шараларын қолдану мәселелері.
38. Қылмыстық процестік нормаларының құрылымы мен түрлері.
39. Қылмыстық процестік қағидаттардың ұғымы мен түрлері.
40. Бұлтартпау шарасының қолдануы кезінде ескерілетін мән-жайлар және оның тағайындау кезіндегі прокурорлық қадағалау.
41. Қылмыстық процесс формасы және оның түрлері.
42. Бұлтартпау шарасын өзгерту және доғару тәртібі.
43. Қылмыстық процестік функцияның ұғымы мен жүйесі.
44. Қылмыстық іс бойынша өндірісті болғызбайтын мән-жайлар.
45. Қылмыстық ізге түсуді жүргізудің ұғымы мен тәртібі.
46. Қылмыстық-процессуалдық кепілдіктер.
47. Жеке басының бостандығын шектеумен байланысты емес бұлтартпау шаралар.
48. Іс жүргізушілік мәжбүрлеудің өзге де шаралары.
49. Қылмыстық іске қатысушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ететін шаралар
50. Іс бойынша сот ісін жүргізуді тоқтата тұру негіздері.
51. Қылмыстық іс бойынша іс жүргізуді аяқтау.
52. Қылмыстық істі жүргізуші мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдар.
53. Қылмыстық процестегі сарапшы мен маманның құқықтық мәртебесі
54. Қылмыстық іс процесте ақтаудың түсінігі мен негізі.
55. Жеке айыптау істері бойынша қылмыстық қудалаудың тәртібі.

56. Қылмыстық ізге түсудің түсінігі және нысаны.

57. Мемлекеттік құпиялармен байланысты мәліметтерді және басқа да құпиялық мәліметтерді қорғау шаралары.

58. Қылмыстық құқық бұзушылық жасады деген күдіктіні (айыпталушыны) босату тәртібі және негізі.

59. Қазақстан Республикасы қылмыстық процестік заңнамасының әрекет ету жүйесі қандай.

60. Қазақстан Республикасы аумағында шет мемлекеттің қылмыстық процестік құқығы қалай қолданылады.

### **3.14.Құрастырған:**

**Н.Т. Саханова** - полиция подполковнигі

**Р.Б. Ақшолақов** - полиция подполковнигі